




UNITED NATIONS
KAZAKHSTAN



БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ



ҚАЗАҚСТАН

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2024



UNITED NATIONS
KAZAKHSTAN

БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ

ҚАЗАҚСТАН

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2024

МАЗМҰНЫ

ТҰРАҚТЫ ҮЙЛЕСТІРУШІНІҢ КІРІСПЕ СӨЗІ	6
ТАРАУ 1. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БҰҰ ЕЛДІК ТОБЫ	8
ТАРАУ 2. БҰҰ-НЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ НЕГІЗГІ СЕРІКТЕСТЕРІ	10
ТАРАУ 3. ЕЛДІК ЖӘНЕ ӨҢІРЛІК КОНТЕКСТЕГІ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР	12
ТАРАУ 4. ҰЛТТЫҚ БАСЫМДЫҚТАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ МАҚСАТЫНДА БҰҰ-НЫҢ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚОЛДАУЫ	14
4.1 Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасы нәтижелеріне шолу	15
4.2 Негіздемелік бағдарламаның басымдықтары, түпкі және аралық нәтижелері	18
4.3 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған күн тәртібі бойынша әріптестік және қызметті қаржыландыру	52
4.4 БҰҰ-ның неғұрлым ауқымды және тиімді бірлескен жұмысының нәтижелері	56
4.5 Бағалау мен түйген қорытындылар	60
4.6 Қаржылық шолу мен ресурстарды жұмылдыру	63
ТАРАУ 5. 2025 ЖЫЛҒА БҰҰ НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАРЫ	70
ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН АББРЕВИАТУРАЛАР ТІЗІМІ	74

ТҰРАҚТЫ ҮЙЛЕСТІРУШІНІҢ КІРІСПЕ СӨЗІ

Біріккен Ұлттар Ұйымының Елдік тобы (БҰҰЕТ) атынан назарыңызға Біріккен Ұлттар Ұйымының 2024 жылғы елдегі қызметінің нәтижелері туралы есеп беруге қуаныштымын. БҰҰ мен оның Қазақстандағы серіктестері Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) және Қазақстанның ұлттық басымдықтарына сай елдің даму күн тәртібін қолдау бағытында жыл бойы табанды жұмыс істеді.

Қазақстан көпсалалы әріптестік пен тұрақты даму қағидаттарына адалдығын сақтап, Біріккен Ұлттар Ұйымымен өзара ынтымақтастығын одан әрі нығайтты. 2060 жылға дейін көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі міндеттемесін жаңартып, климаттың өзгеруіне

қарсы күрес пен энергетикалық ауысым бағыттарында ілгерілеу байқалды. 2024 жылы Қазақстан Үкіметі әйелдерді, балаларды және мүгедектігі бар адамдарды қоса алғанда, осал топтарды қорғауға бағытталған саясатты күшейтті. Тұрмыстық зорлық-зомбылықты алдын алуға бағытталған заңнаманы жетілдіру, сондай-ақ инклюзивті білім беру мен денсаулық сақтау салаларын дамыту – осы кезеңдегі маңызды жетістіктер қатарында болды. Адам құқықтарын ілгерілету, әлеуметтік қорғау тетіктерін күшейту және “ешкімді назардан тыс қалдырмау” мақсатында БҰҰ жүйесі Үкіметпен және азаматтық қоғам өкілдерімен тығыз ынтымақтастықта жұмыс жүргізді.

Өткен жылы көп қиындықтар да болды. 2024 жылдың басында орын алған, соңғы онжылдықтағы ең жойқын су тасқыны елдегі қоғам мен институттардың төзімділігін сынға салды. Бұл оқиғалар апаттар қаупін азайту, климаттық бейімделу және болашақ дағдарыстарға дайын болудың маңыздылығын баса көрсетті.

Алдағы кезеңде Тұрақты даму мақсаттарын іске асыру қарқынын ілгерілету, инновацияны ынталандыру, есеп беретін мемлекеттік институттар көрсететін инклюзивті қоғамдық қызметтерді дамыту, сондай-ақ жасыл әрі баршаға ортақ экономикалық өсімді қамтамасыз

ету – барлығымыз үшін негізгі басымдық болып қала береді.

Қазақстандағы Біріккен Ұлттар Ұйымы атынан Қазақстан Республикасының Үкіметіне, даму саласындағы серіктестерге, азаматтық қоғам ұйымдарына және, ең алдымен, әділетті әрі орнықты қоғам құру ісіне белсенді атсалысып келе жатқан Қазақстан халқына шынайы алғысымды білдіремін.



Стивен О'Малли

БҰҰ-ның Қазақстандағы Тұрақты үйлестірушісі м.а.
Наурыз 2025 жыл

1 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БҰҰ ЕЛДІК ТОБЫ

Біріккен Ұлттар Ұйымы өз қызметін Қазақстанда 1993 жылдың басында, ел 1992 жылдың наурызында БҰҰ-ға кіргеннен кейін көп ұзамай бастады. Қазақстандағы БҰҰЕТ ТДМ-ға қол жеткізу үшін БҰҰ Тұрақты үйлестірушісінің басшылығымен 27 агенттік, қорлар және бағдарламалардан тұрады (оның 20-сы резидент ұйымдар). Елдегі және өңірдегі қызметті жеңілдету үшін БҰҰ екі қалада орналасқан: Астана және Алматы. 2024 жылы

Қазақстандағы БҰҰ штатында 468 қызметкер болды, оның ішінде 397 ұлттық және 71 халықаралық маман.

Қазақстандағы БҰҰ жүйесі дамудың негізгі салаларында озық тәжірибе мен білімді жұмылдыруға қабілетті, Қазақстан Үкіметі мен халқының құқықтарға негізделген және сенімді серіктесі болып қалу мақсатына ұмтылады.

Қазақстандағы БҰҰ Елдік тобы құрамына
20 резидент ұйым:




Department of Global Communications



мен 7 резидент емес ұйым кіреді:



2 БҰҰ-НЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ НЕГІЗГІ СЕРІКТЕСТЕРІ



Тұрақты дамуға қол жеткізу мүдделі тараптардың кең ауқымының үлесіне байланысты. БҰҰ-ның Қазақстанға қолдауы көптеген құнды серіктестердің: ұлттық, өңірлік және жергілікті деңгейдегі үкіметтік мекемелер, азаматтық қоғам ұйымдары, және сектор кәсіпорындары, екіжақты және көпжақты донорлар, сондай-ақ ғылыми орта мен халықаралық қаржы мекемелерінің ынтымақтастығы арқасында ғана мүмкін болды. Әрбір мүдделі тарап адам құқықтарына негізделген саясатты ілгерілету, дамуды тұрақты қолдауға ықпал ету және назардан тыс қалу қаупі бар осал топтар қажеттіліктерін қанағаттандыруда маңызды рөл атқарады. Осы есепте келтірілген нәтижелер серіктестердің таптырмас үлесінің дәлелі және олардың атсалысуымен ғана жүзеге асырылды.

2024 жылғы маңызды кезеңдердің бірі – **2026–2030 жылдарға арналған БҰҰ-ның Тұрақты даму саласындағы ынтымақтастықтың жаңа негіздемелік бағдарламасын** әзірлеуге бағытталған кең ауқымды сараптамалық үрдіс болды. Бұл процесс мемлекеттік органдарды, азаматтық қоғам ұйымдарын, жеке секторды, даму серіктестерін және өзге де мүдделі тараптарды бір алаңға жинап, келесі бесжылдықта Қазақстанның тұрақты дамуын қамтамасыз етуге арналған ортақ басымдықтар мен бірыңғай көзқарасты қалыптастыруға мүмкіндік берді. Аталған процесс ортақ даму күн тәртібін айқындауда көптаралы ынтымақтастық пен жан-жақты өзара әрекеттесудің маңызын айқын көрсетті.


Қазақстан Үкіметі – 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған даму басымдықтары мен күн тәртібін іске асыруда БҰҰ-ның негізгі серіктесі. Елдің көшбасшылығы мен қаржылық қолдауы БҰҰ-ның бағдарламалары мен бастамаларын тиімді жүзеге асыруда шешуші рөлге ие. 2024 жылы Қазақстан Тұрақты даму мақсаттарына бейілділігін Премьер-Министрдің төрағалығымен жұмыс істейтін ТДМ жөніндегі Үйлестіру кеңесі, ТДМ-нің «5Р» қағидатына негізделген бес ведомствоаралық жұмыс тобы, сондай-ақ Парламент жанындағы ТДМ мониторинг комитеті арқылы тағы бір мәрте нақтылады.

Азаматтық қоғам БҰҰ Елдік тобының сенімді және ұзақ мерзімді серіктесі ретінде стратегиялық жоспарлау, саясатты қалыптастыру, ақпараттық жұмыс және бағдарламаларды жүзеге асыру процестеріне белсенді атсалысып отыр. Ауылдық және қалалық қауымдастықтармен тығыз жұмыс істейтін азаматтық қоғам ұйымдарының тәжірибелік білімі мен сараптамалық әлеуеті халықтың қажеттіліктеріне негізделген шешімдер қабылдауға айтарлықтай үлес қосып отыр. 2024 жылы құрылған Жастар жөніндегі консультативтік кеңес қазіргі таңда БҰҰ Елдік тобы үшін талдау, коммуникация, насихаттау және бағдарламалық қызметті жетілдіруге бағытталған маңызды алаңға айналды.

Қазақстанда **жеке сектордың** тұрақты даму саласындағы рөлі де артып келеді. Бұл процесс, ең алдымен, ірі компаниялардың ТДМ қағидаттарын өз қызметіне ерікті түрде енгізуінде көрініс табады. Жеке сектордағы негізгі серіктестеріміздің бірі – БҰҰ Жаһандық шартына қатысушы компаниялар ESG қағидаттарын компания стратегияларына енгізіп, SDG Ambition Accelerator бағдарламаларына қатысу арқылы ТДМ-ге бейілділіктерін нақты көрсетіп жатыр.

Бұған қоса Қазақстандағы БҰҰ Елдік тобы халықаралық қаржы институттары, ғылыми-зерттеу ұйымдары, университеттер және сараптамалық орталықтармен кең ауқымды әріптестік орнатып жатыр. Салалық білім мен тәжірибені ұштастыру арқылы Елдік топ Қазақстанның Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу жолындағы орнықты әрі нәтижелі шешімдерді ұсыну әлеуетін одан әрі нығайтып келеді.

3 ЕЛДІК ЖӘНЕ ӨҢІРЛІК КОНТЕКСТЕГІ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР



2024 жылы Қазақстан ЖІӨ өсімі 4,8%-ға жетті, бұл негізінен мұнайға қатысы жоқ салалардың қарқынды дамуымен байланысты. Жалпы ішкі өнімнің өсуіне ең көп үлес қосқан секторлар: сауда (1,67 п.п.), өнеркәсіп (0,76 п.п.), құрылыс (0,73 п.п.) және ауыл шаруашылығы (0,52 п.п.) болды. 2025 жылы экономикалық өсім 5%-ға дейін жеделдейді деп күтіліп отыр, бұл Теңіз кен орнын кеңейту есебінен болмақ, ал 2026–2027 жылдары өсу қарқыны 3,5–4,0% шегінде тұрақталуы мүмкін. Негізгі капиталға салынатын инвестициялар ұзақ мерзімді құлдырау үрдісін жалғастырып келеді: 2005 жылы ЖІӨ-нің 31,9%-ын құраса, 2024 жылы бұл көрсеткіш 14,3%-ға дейін төмендеді. Тұтынушылық несиелеудің артуына қарамастан, банк секторының тұрақтылығы сақталып отыр.

Инфляция деңгейі біртіндеп төмендеді: 2023 жылғы 9,8%-дан 2024 жылы 8,6%-ға дейін түсті. Бұл негізінен азық-түлік инфляциясының 5,5%-ға дейін төмендеуімен байланысты болды. Дегенмен қызмет көрсету саласындағы инфляция жоғары деңгейде қалды — 13,3%, бұл коммуналдық тарифтердің күрт өсуіне байланысты: судың бағасы 43,1%-ға, жылу — 22,3%-ға, электр энергиясы — 18,4%-ға қымбаттады. Бұл өсім, өз кезегінде, инвестиция тартуға бағытталған шаралардың салдары болды. Жалпы инфляцияның төмендеуіне қарамастан, фискалдық серпін, ұлттық валютаның құнсыздануы және тарифтердің өсуі инфляциялық қауіптердің сақталуына алып келді. Инфляция баяулаған тұста ақша-кредит саясаты жеңілдетіліп, базалық мөлшерлеме 100 базистық пункт төмендеп, 14,25%-ды құрады. Алайда инфляциялық қысымның сақталуы мен теңгенің АҚШ долларына шаққандағы бір жыл ішіндегі 15,2%-ға құнсыздануы нәтижесінде бұл жеңілдету шаралары кері қайтарылды.

Мемлекеттік қарыз деңгейі басқарылатын күйде қалып отыр — ол ЖІӨ-нің 23,5%-ын құрайды, бұл жаһандық стандарттармен салыстырғанда салыстырмалы түрде төмен көрсеткіш. Дегенмен бюджеттік қысымның артуына байланысты Үкімет салықтық реформаларды жүзеге асыруға кірісті. 2024 жылы мемлекеттік бюджет тапшылығы 27,6%-ға өсіп, 3,6 трлн теңгеге (шамамен 7,2 млрд АҚШ доллары) жетті. Бұл, бір жағынан, күтілгеннен төмен түсімдердің, екінші жағынан, су тасқыны салдарынан туған қосымша шығыстар есебінен болды. Апат салдары 10 өңірге әсер етіп, 118200 адам уақытша қоныс аударуға мәжбүр болды. Өсіп жатқан тапшылықты қаржыландыру мақсатында билік Ұлттық қордан берілетін трансферттер көлемін 2023 жылғы 4 трлн теңгеден 2024 жылы 5,6 трлн теңгеге дейін көбейтті (қордың жалпы активтері 30,6 трлн теңгені құрады) және мемлекеттік қарыз көлемін 5,5 трлн теңгеден 7,5 трлн теңгеге дейін арттырды. Соның салдарынан қарызға қызмет көрсету мен өтеуге бағытталған шығыстар үлесі жалпы бюджеттік шығындар құрылымында 16,8%-дан 19,4%-ға дейін өсті.

2024 жылы Қазақстан өзінің тұрақты даму күн тәртібін ілгерілету бағытында маңызды қадамдар жасады. Ел

2029 жылға дейін Ұлттық даму жоспарын және 2060 жылға дейінгі көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясын қабылдап, сондай-ақ Париж келісімімен үйлестірілген Жасыл экономикаға көшу тұжырымдамасын жаңартты. Қазіргі басымдық – осы стратегияларды тиімді іске асыру, соның ішінде жаңартылатын энергия көздерін кезең-кезеңімен дамыту. 2024 жылы жаңартылатын энергия көздері елдегі жалпы электр энергиясын өндіру көлемінің 6,43%-ын құрады. Сондай-ақ 2024 жылы өткен ұлттық референдум барысында сайлаушылардың 71,12%-ы Қазақстанда атом электр станциясын салу бастамасын қолдады.

2024 жылы Қазақстан БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңесінің мүшесі ретіндегі өкілеттігін аяқтады. Ел ішінде Қазақстан соңғы жылдары бірқатар маңызды реформаларды жүзеге асырды. Атап айтқанда, барлық қылмыстар үшін өлім жазасын алып тастау, жала жабуды қылмыстық құқық бұзушылық санатынан шығару, әйелдерге кейбір кәсіп түрлерін атқаруға салынған тыйымдарды жою, әйелдер мен балаларды зорлық-зомбылықтан қорғауды күшейту, сондай-ақ Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы конституциялық заңдарды қабылдау жүзеге асты. Сонымен қатар пікір білдіру, жиналу, бірлестік құру еркіндігі, теңдік және кемсітушілікке жол бермеу құқықтарын толыққанды қамтамасыз ету бағытында әлі де бірқатар қиындықтар бар. Бұл — халықаралық адам құқықтары стандарттарына сәйкес келуді жетілдіру үшін қосымша мүмкіндік ұсынады.

Қазақстан тұрақты даму саласында айтарлықтай ілгерілеуге қол жеткізуде. Ел ТДМ қол жеткізу бойынша жаһандық орташа көрсеткіштен озық келеді: мақсаттардың 42%-ы жүзеге асырылып жатыр немесе даму бар, ал бұл көрсеткіш әлем бойынша небәрі 16%-ды құрайды. Структуралық реформаларды жеделдету, климаттың өзгеруіне бейімделу және салдарын азайту шараларын күшейту, маңызды пайдалы қазбалар әлеуетін тиімді пайдалану және Қазақстанның көлік-логистикалық хаб ретіндегі рөлін кеңейту елдің орнықтылығы мен тұрақты дамуын нығайта түсуі мүмкін. Сонымен қатар бірқатар тәуекелдер сақталып отыр. Олардың қатарында негізгі сауда әріптестері елдеріндегі экономикалық өсімнің баяулауы, мұнай бағасының төмендеуі және төтенше ауа райы құбылыстарының жиілеуі бар. Ел ішінде де құрылымдық қиындықтар шешімін таппаған күйінде қалып отыр: экономиканы әртараптандырудың баяу жүруі, инфляциялық қысым, еңбек өнімділігінің төмендігі және инвестиция тартудағы шектеулер — соның айғағы.


📈 ЖІӨ: \$288.1 млрд

🏢 ЖІӨ нақты өсуі: 4.8%

📊 Инфляция: 8.6%



4 ҰЛТТЫҚ БАСЫМДЫҚТАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ МАҚСАТЫНДА БҰҰ-НЫҢ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚОЛДАУЫ



4.1 Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасы нәтижелеріне шолу

2021–2025 жылдарға арналған БҰҰ-ның Тұрақты даму саласындағы ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасы (бұдан әрі – Негіздемелік бағдарлама немесе ТДМЫНБ) БҰҰ мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастықтың стратегиялық негізгі қағидаттары мен басымдықтарын айқындайды. Бұл бағдарлама жоғары деңгейдегі ТДМЫНБ Басқарушы комитетімен қадағаланады, оның тең төрағалары – Премьер-Министрдің орынбасары мен БҰҰ-ның Тұрақты үйлестірушісі. Басқарушы комитет жыл сайын жиналып, БҰҰ қызметінің нәтижелерін талқылайды және алдағы бағдарламалық жоспарды бекітеді. Бағдарлама экологиялық тұрақтылық пен гендерлік сезімтал мәселелерді басты назарға алады және “ешкімді назардан тыс қалдырмау” (LNOB) қағидатына негізделген. Бағдарлама елдің контекстіне бейімделген және ұлттық билік пен шешім қабылдаушылардың тұрақты даму үшін қолайлы саяси орта қалыптастырудағы әлеуетін нығайтуға бағытталған БҰҰ-ның нормативтік рөлін көрсетеді. Бұл бағдарлама үш стратегиялық басымдық (компоненттер) және алты түпкі нәтижеден құралған.

Негіздемелік бағдарлама үш стратегиялық басымдықтар (компоненттер) бойынша құрылған:

- 1) Адамдар әлеуетін кеңейту:** адами капиталды дамыту және әлеуметтік қызметтер;
- 2) Тиімді басқару:** тиімді институттар, адам құқықтары және гендерлік теңдік;
- 3) Тұрақты экономикалық даму:** инклюзивті экономикалық өсу және экологиялық тұрақтылық.

Әрбір стратегиялық басымдық (компонент) екі түпкілікті нәтижеге ие:

► **Түпкі нәтиже 1.1:** 2025 жылға қарай тиімді, инклюзивті және есеп беретін институттар Қазақстанда тұратын барлық адамдар, әсіресе ең осал топтар үшін «ешкімді назардан тыс қалдырмау» қағидатына сәйкес сапалы және әлеуметтік қызметтердің гендерлік аспектілерін ескеретін тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін болады.

► **Түпкі нәтиже 1.2:** 2025 жылға қарай Қазақстанның барлық халқы, әсіресе осал топтар, елдің тұрақты дамуына тең дәрежеде үлес қосуға мүмкіндік беретін білім мен дағдыға ие болады.

► **Түпкі нәтиже 2.1:** 2025 жылға қарай Қазақстанда адам құқықтарын қорғау және толық іске асыру, гендерлік теңдік және кемсітушілік, зорлық-зомбылық және қауіп-қатерден азат өмір, сондай-ақ шешімдер қабылдауға тең құқылы қатысу қамтамасыз етіледі.

► **Түпкі нәтиже 2.2:** 2025 жылға қарай барлық деңгейдегі мемлекеттік институттар адам құқықтары мен дәлелдерге негізделген гендерлік аспектілерді ескеретін мемлекеттік саясатты тиімді әзірлеп, жүзеге асыратын және жан-жақты, ашық және есеп беретін түрде сапалы қызметтер көрсететін болады.

► **Түпкі нәтиже 3.1:** 2025 жылға қарай Қазақстанның барлық халқы, әсіресе неғұрлым осал топтар өндірістік әлеуетті нығайта отырып, инклюзивті, берік және тұрақты экономикалық даму нәтижелерін, тұрақты және лайықты жұмыс, өмір сүруге қаражат алу және бизнес жүргізу үшін дағдылар мен тең мүмкіндіктерді пайдаланатын болады.

► **Түпкі нәтиже 3.2:** 2025 жылға қарай Қазақстанның барлық халқы, атап айтқанда, неғұрлым осал топтар климаттың өзгеруіне төзімділікті арттыру, қоршаған ортаны және таза энергияны тұрақты басқару, сондай-ақ ауылдық және қалалық аудандарды тұрақты дамыту нәтижелерін пайдаланатын болады.

Басымдық 1

Басымдық 2

Басымдық 3


2024 жылы БҰҰ Елдік тобы 2026–2030 жылдарға арналған жаңа ТДМЫНБ бағдарламаны әзірлеуді Жалпылама елдік талдауды дайындау және ағымдағы Негіздемелік бағдарламаны бағалаудан бастады. Үкіметпен серіктестікте әрі бірлескен процесс арқасында БҰҰЕТ келесі кезеңге арналған стратегиялық басымдықтарды анықтады, бұл ТДМ саммиті (оның ішінде алты өзгеріс), Болашақ саммиті нәтижелерін біріктіру және табысы орташадан жоғары ел контекстінде “ешкімді назардан тыс қалдырмау” қағидасын ескере отырып жүзеге асты.

2024 жылы БҰҰ Елдік тобы елдегі негізгі серіктестер арасында Болашақ саммиті бойынша диалогты дамытуға, Үкіметтің COP29-ға қатысуын қолдауға және жаңа Ұлттық деңгейде айқындалатын үлесін әзірлеуге қолдау көрсетуді бастауға септігін тигізді. БҰҰ Елдік тобы Әмбебап кезеңдік шолу процесіне өз есебін дайындау арқылы үлес қосты және Қазақстанның Бейжің +30 шеңберіндегі БҰҰ ЕЭК өңірлік шолуына теңтөрағалық етуін ілгерілетті.

БҰҰ Қазақстанда халықаралық нормалар мен стандарттарды іске асыруды қолдауды және сапалы саяси кеңес беруді жалғастырды. БҰҰ 2024 жылы жүзеге асқан барлық алты нәтижелік бағыт және 242 іс-шара бойынша ілгерілеуді тіркеді және денсаулық сақтау мен білім беру, адам құқықтарын қорғау, қоршаған орта саясаты, гендерлік теңдік, экономикалық әртараптандыру және басқа да салаларда тәуекелдерді шешуге және қоғамдық қызметтерді жақсартуға үлес қосты. 2024 жылы жүзеге асқан іс-шаралардың шамамен үштен екісі (65,6%) келесі ТДМ-дарға бағытталды: ТДМ 3 (28,9%), ТДМ 16 (13,5%), ТДМ 5 (7,8%), ТДМ 8 (7,3%) және ТДМ 4 (6,2%). Қол жеткізілген нәтижелер ТДМ-ның трансформациялық сипатын және олардың ұлттық басымдықтармен – «Қазақстан–2050» стратегиясы, 2029 жылға дейінгі Қазақстанның Ұлттық даму жоспары, 2024–2027 жылдарға арналған ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен мүмкіндіктерін ілгерілету жөніндегі үкіметтің

іс-қимыл жоспары, Әйелдер, бейбітшілік және қауіпсіздік мәселелері жөніндегі БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің қарарларын іске асыруға арналған 2022–2025 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары, 2023–2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, АКТ дамыту және киберқауіпсіздік тұжырымдамасы, 2029 жылға дейінгі жасанды интеллектті дамыту жоспары, 2060 жылға дейін көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясы және басқа да салалық стратегиялармен толық сәйкестігін көрсетеді.

2024 жылғы шығыстар үлесі бойынша негізгі 5 ТДМ



Негіздемелік бағдарламаны әзірлеудің инклюзивті үрдісі

Негіздемелік бағдарлама — БҰҰ Елдік тобы жүргізген сараптамалық, консультациялық және бірлескен жұмыстың нәтижесі. Жалпылама елдік талдаудан және 2021–2025 жылдарға арналған Негіздемелік бағдарламаны бағалаудан бөлек, БҰҰ Елдік тобы БҰҰ қызметкерлерімен, азаматтық қоғам және жеке сектор өкілдерімен екі сценарийлік болжамдау жаттығуын өткізді. Зерттеуді 63 үкімет, азаматтық қоғам, академиялық орта және халықаралық сарапшы қатысқан сауалнама мен “6 LNOB” тобымен жүргізілген фокус-топтық пікірталас негізінде жасалған кешенді тәуекелдер талдауы толықтырды.

БҰҰ Елдік тобы осы дәлелдер базасын стратегиялық басымдықтар бойынша Үкіметпен консультациялар өткізу үшін пайдаланды.

2024 жылғы қазанда өткен Стратегиялық басымдықтарды анықтау жөніндегі семинарға Үкімет, БҰҰ агенттіктері, азаматтық қоғам, сарапшылар, жастар және жеке сектор өкілдері қатысты. Сондай-ақ өңірлік БҰҰ кеңселері мен тақырыптық коалициялармен консультациялар өтті.

БҰҰ Елдік тобы Қазақстандағы ТДМ-ға акселераторлар (трансформациялар) бойынша азаматтық қоғам ұйымдарымен екі консультация өткізді және жаңадан құрылған Жастар консультативті кеңесімен диалог жүргізіп, жастардың қажеттіліктері мен пікірлері ескерілді. БҰҰ-ның Гендерлік тақырыптық тобы Негіздемелік бағдарлама жобасына шолу жасап талқылады.



4.2 Негіздемелік бағдарламаның басымдықтары, түпкі және аралық нәтижелері

ТҮПКІ НӘТИЖЕ 1.1

2025 жылға қарай тиімді, инклюзивті және есеп беретін институттар Қазақстанда тұратын барлық адамдар, әсіресе ең осал топтар үшін «ешкімді назардан тыс қалдырмау» қағидатына сәйкес сапалы және әлеуметтік қызметтердің гендерлік аспектілерін ескеретін тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін болады.



Отбасын қолдау орталықтарына көпжақты қолдау көрсетілді



Кедейлікті айқындау үшін медианалық табыс әдістемесі енгізілді



2024 жылы білім беру мекемелері үшін жаңа ұлттық тамақтану стандарты енгізілді, бұл 1,7 млн балаға және болашақ ұрпақтарға оң әсерін тигізді



2 млн ата-ана/қамқоршы қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы төтенше жағдайлар туралы хабардарлығын арттырды



4,6 млн адам вакцинацияның пайдасы туралы хабардар болды



Адам папилломасы вирусына қарсы вакцинациялау науқаны сәтті жүргізілді



2025–2030 жж. арналған инклюзивті саясат тұжырымдамасына қолдау көрсетілді

2024 жылы, ТДМЫНБ іске асырудың төртінші жылында, Қазақстандағы БҰҰ әлеуметтік қызметтерге қол жеткізуде артта қалған барлық топтардың инклюзивтілігі мен тең мүмкіндіктерін ілгерілету, сондай-ақ саясаттарды әзірлеу, іске асыру және ауқымды түрде қолдануға болатын пилоттық бағдарламаларды қолдау, Қазақстан халқының әлеуметтік қауіпсіздігін жақсартуға бағытталған шаралар арқылы ТДМ қол жеткізуге үлес қосуды жалғастырды. Денсаулық сақтау, әлеуметтік интеграция, гендерлік теңдік және білім беру салаларындағы маңызды жетістіктер ТДМ қол жеткізуде одан әрі ілгерлетудің берік негізін қалады.

Денсаулық сақтау жүйелері мен медициналық көмекке қолжетімділік жақсарды

БҰҰ 2024 жылы білім беру мекемелеріне арналған ұлттық тамақтану стандартын қабылдауға қолдау көрсету арқылы мектептердегі дұрыс тамақтануды ілгерілетті. Бұл стандарт 1,7 миллион бастауыш сынып оқушысын қамтып, қант, тұз және қаныққан майларды шектеу арқылы жақсартылған тамақтануды қамтамасыз етеді. БҰҰ осы стандарттың қағидаттары мен мектептегі тамақ сапасын бақылауға арналған арнайы онлайн қосымшаны пайдалану бойынша 2000-ға жуық мектеп медицина қызметкерін оқытты. Сонымен қатар, мектептерде тағам қауіпсіздігі мен салауатты тамақтануға қатысты техникалық семинар өткізілді. Салауатты тамақтану дағдыларын қалыптастыру мақсатында орта буын оқушылары мен ата-аналарға арналған аспаздық шеберлік сабақтары ұйымдастырылды.

БҰҰ елдегі вакцинацияға деген күмәнді сөйілту мақсатында ақпараттық науқанды күшейтіп, оның аясында 4,6 миллион адамды, яғни 3,1 миллион әйел мен 1,5 миллион ер адамды қамтыды. Адам папилломасы вирусына (АПВ) қарсы



Түпкі нәтиже 1.1 келесі ұйымдар күшін біріктіреді:



ТДМ міндеттері:



вакцинациялау науқанының тиімді іске асырылуын қамтамасыз ету үшін БҰҰ 20 өңірде 130 жетекші жаттықтырушы мен өңірлік жаттықтырушыларды дайындап, олар жүздеген тізбекті оқытулар жүргізді. Иммунодау туралы хабардарлықты арттыру мақсатында пилоттық режимде 40 мектептің қатысуымен арнайы “Иммундық патруль” цифрлық платформасы іске қосылды. Сондай-ақ БҰҰ қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы төтенше жағдайлар бойынша 2 миллион ата-ана мен қамқоршының хабардарлығын арттырды, денсаулық сақтау ұйымдарында 500 мың адамға арналған ақпараттық материалдар таратты және отбасылық медицина, денсаулық сақтау менеджменті мен адами ресурстар бағыттары бойынша 25 заң қабылдаушылар қабілетін күшейтті. Сонымен қатар 20 мың медицина қызметкері, оның ішінде патронаждық медбикелер мен бастапқы медициналық-санитариялық көмек қызметкерлері “Үйге патронажды бару” бағдарламасы аясында оқытудан өтті. БҰҰ медициналық саясатты қалыптастырушы мамандар мен сарапшылардың білімін өңірлік және ұлттық деңгейдегі конференциялар арқылы дамыту жұмыстарын жалғастырды. Бұл іс-шараларға барлығы 372 адам қатысты. Сирек кездесетін ауруларға шалдыққан 70 бала аса қажетті дәрілік препараттарға қол жеткізіп, денсаулығы әжептеуір жақсарды. Сонымен қатар 4478 онкологиялық науқас қажетті ем алды, бұл онкологиямен күрестегі ұлттық шаралардың тиімділігін арттыруға үлес қосты. Бұл жетістіктер ҚР Денсаулық сақтау министрлігі және оның бірыңғай дистрибьюторымен әріптестікте мүмкін болды. Дәрілік өнімдер Министрлік белгілеген шекті бағалардан төмен бағада сатып алу нәтижесінде мемлекеттік бюджеттің 5,5 миллион АҚШ долларынан астамы үнемделді. БҰҰ АИТВ індетін алдын алуға да үлес қосты: Қазақстанда АИТВ бойынша жол картасын әзірлеуге қолдау көрсетіп, 60 эпидемиолог пен зертхана маманын оқытты. Қауымдастықтың әлеуетін арттыру мақсатында 40 негізгі топ өкіліне адам құқықтарына негізделген, гендерлік сезімтал АИТВ алдын алу бағдарламаларын іске асыру бойынша оқыту өткізді, бұл есірткі тұтынатын 500-ден астам адамның мемлекеттік қаржыландырылатын орынбасушы терапияға қол жеткізуіне мүмкіндік берді. Сонымен қатар қауымдастықтың 140 көшбасшысы мен АИТВ жұқтырған адамдар адамға бағдарланған көмекті көрсету және емді ұстануға қолдау көрсету дағдыларын жетілдірді.

Үкіметке ғылыми дәлелдерге негізделген кеңес беру мақсатымен БҰҰ АИТВ және есірткі қолдану мәселелері бойынша зерттеулер мен оқытулар өткізді. Сондай-ақ есірткіге тәуелділік



пен оған байланысты болатын ақауларды емдеу, соның ішінде АИТВ қамтитын ұлттық бағдарламаларды тиімді іске асыруға қолдау көрсетті. Бұдан бөлек, жастардың АИТВ, жыныстық және репродуктивті денсаулық пен құқықтар (ЖРДҚ) бойынша хабардарлық деңгейін анықтау мақсатында кешенді ұлттық зерттеу жүргізу арқылы мүмкіндікті кеңейтуге бағытталған саясаттың дәлелдік базасын нығайтты.

Әлеуметтік қорғауды күшейту

2023 жылы Әлеуметтік кодекстің қабылдануынан кейін, 2024 жылы Қазақстан білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау салаларына мемлекеттік бюджеттің шамамен 52 пайызын бөлді. БҰҰ Үкіметтің 2025 жылдан бастап кедейлік шегі ретінде ең төменгі күнкөріс деңгейінің орнына медианалық табыс әдістемесін енгізу туралы шешіміне дәлелді ақпарат ұсыну арқылы қолдау көрсетті. Бұл — әлеуметтік саясаттағы маңызды өзгеріс. Соның нәтижесінде әлеуметтік қолдауға үміткер осал топтардың қатары кеңейе түспек. БҰҰ 2025–2030 жылдарға арналған Инклюзивті саясат тұжырымдамасын әзірлеуге де қолдау білдірді. Бұл құжат мүгедектігі бар адамдарға қатысты медициналық үлгіден адам құқықтарына негізделген тәсілге көшуді көздейді. Жастарға арналған қызметтердің халыққа және саясат деңгейіне қолжетімді болуын қамтамасыз етуге де БҰҰ елеулі үлес қосты. Мысалы, жастарға бейімделген қызметтерді таныстыру мақсатында іске қосылған “Shyn.kz” TikTok бастамасы 211 800 жазылушы мен 2,6 миллион лайк жинады. Кейбір видеолардың қаралымы 76 миллионнан асты.

БҰҰ еліміздің барлық өңірінде Отбасыны қолдау орталықтарының дамуына қолдау көрсетіп, әдістемелік ұсынымдар әзірлеп, мамандардың кәсіби әлеуетін арттыруға бағытталған шаралар жүргізді. Осы жұмыс, басқа қолдау түрлерімен қатар, атаулы әлеуметтік көмек алатын азаматтар санын 3800 адамға арттыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар БҰҰ бес өңірде пилоттық режимде іске асырылған интеграциялық орталықтар арқылы мүгедектігі бар 582 адамға (оның ішінде 362 балаға) қолдау көрсетті.

Босқындарды қорғауды жақсарту

БҰҰ-ның Босқындар істері жөніндегі басқармасы жүргізген жұмыс Ішкі істер министрлігінің босқын куәлігін Жеке сәйкестендіру нөмірін

(ЖСН) алу үшін жарамды құжат ретінде тануына ықпал етті. Бұл шешім босқындардың Қазақстандағы түрлі қызметтерге қол жеткізу мүмкіндігін кеңейтті. Мәжіліс босқындардың құқықтық мәртебесіне қатысты тақырыптық брифинг өткізіп, оған БҰҰ мен мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты. Көрсетілген қолдау мен жүргізілген жұмыс жеті адамға босқын мәртебесін беруден бас тартуға жол бермеуге көмектесті. БҰҰ азаматтығы жоқ адамдардың құқықтық қорғалуын жақсарту мақсатында Үкіметпен ынтымақтастықты жалғастырып келеді. Бұл жұмыс олардың құжаттарға және қажетті қызметтерге қол жеткізуін жеңілдетуге, сондай-ақ ұлттық заңнаманы босқындарды қорғауға арналған халықаралық стандарттарға сәйкестендіруге бағытталған.

Әйелдер мүмкіндіктерін кеңейту және гендерлік зорлық-зомбылық туралы хабардарлықты арттыру

2024 жылғы сәуірде Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін қылмыстық жауапкершілік қайта енгізілді. БҰҰ гендерлік зорлық-зомбылыққа (ГЗ) қарсы саясатты ілгерілету және қолдау бойынша жұмысын жалғастырып, Орталық Азияда гендерлік зомбылықты жою жөніндегі альянс арқылы бұл бағыттағы бастамаларды қолдады. Сонымен қатар жеті өңірде 305 маман мен қызмет көрсетушіге, оның ішінде мүгедектігі бар жапа шегушілерге қолдау көрсету бойынша, ГЗ ден қоюға қатысты оқыту өткізілді. БҰҰ Қазақстанның Бейжің +30 өңірлік шолуына теңтөрағалық етуіне қолдау көрсету арқылы әйелдер құқықтары мен гендерлік теңдікті ілгерілетуге бағытталған жаңа міндеттемелердің қабылдануына ықпал етті. Сондай-ақ гендерлік теңдіктің негізгі қағидаттары бойынша 60 үкіметтік және жергілікті басқару органдарының өкілдерін оқытып, гендерлік теңдікке арналған институционалдық негіздерді күшейту бойынша жоғары деңгейдегі саясаттық ұсынымдарды әзірлеуге үлес қосты.



Инклюзивті Қазақстан құру

Батыс Қазақстандағы Атырау қаласында 2020-2023 жж. аралығында мүгедектігі бар адамдар құқықтарын қорғау жөніндегі кеңесші қызметін атқарған Жаннат Есмағанбетова мүгедектігі бар жандар қоғамы үшін үміт пен төзімділіктің жарқын үлгісі болып табылады.

Өз басы қатерлі ісікпен күресіп, оңалту курсынан өткендіктен, Атырау облысында тұратын 24 мыңнан астам мүгедектігі бар адамдардың қандай қиындықтарға тап болатынын түсінеді. Жеке мәселелерден басқа, Жаннат қолжетімді инфрақұрылым мен әлеуметтік кеңістікті жақтайды, инклюзияны дамыту үшін жергілікті билікпен тығыз жұмыс істеуде.

БҰҰ рөлі туралы ой елегінен өткізе отырып, Жаннат: «Мен БҰҰ-ның қоғамның барлық мүшелерінің, соның ішінде мүгедектігі бар адамдар құқықтарын қалай қолдайтынын өз көзіммен көрдім», - деп мойындайды. Ол БҰҰ жобалары мен кеңестерін жоғары бағалайды, олардың өз жұмысына әсерін мойындайды. Жаннат БҰҰ-ны Қазақстандағы мүгедектігі бар адамдардың өмірін жақсарту үшін құқық қорғаушысы және сарапшы кеңесінің көзі ретінде қарастырады. Жаннат «Басқаларға көмектесе отырып, өзіңе де көмектесесің» деген ұранымен қоғамға қызмет ету және қорғау идеясын іспеттейді.

ТҮПКІ НӘТИЖЕ 1.2

2025 жылға қарай Қазақстанның барлық халқы, әсіресе осал топтар, елдің тұрақты дамуына тең дәрежеде үлес қосуға мүмкіндік беретін білім мен дағдыға ие болады



Оқу бағдарламасы аралас оқыту, жасанды интеллект және климаттық әрекеттер бойынша қайта қаралды



728 азаматтығы жоқ адам анықталып, олардың 642-сі заңды құжаттар алды



1 861 мектеп спутниктік интернетпен қамтылды



500 ауылдық жерде тұратын әйелдерге цифрлық қауіпсіздік пен онлайн қауіпсіздік бойынша оқыту жүргізілді



170 000 жасөспірім АИТВ, репродуктивті денсаулық туралы білім алды



Ваучерлік жүйе саясаты жеке меншік балабақшаларға енгізілді

2024 жылы БҰҰ Елдік тобы елдің тұрақты дамуына өз үлесін қосу үшін білім мен дағдылар тұрғысынан барлық қазақстандықтар үшін мүмкіндіктер ашуды жалғастырды. БҰҰ назардан тыс қалу қаупі бар адамдарға – соның ішінде босқындарға, АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға, осал әйелдер мен балаларға – ерекше көңіл бөлуде. Денсаулық сақтау, білім беру, гендерлік теңдік, экологиялық тұрақтылық, цифрлық инновациялар және әлеуметтік интеграция сияқты түрлі бағыттар бойынша көрсетілген ұжымдық қолдау Қазақстанның әртүрлі қоғамдастықтарының әл-ауқаты мен мүмкіндіктерін айтарлықтай жақсартуға ықпал етті.

Білім беру мүмкіндіктері мен сапасы жақсарды

2024 жылы Үкімет білім беру реформасын жалғастырды. БҰҰ қолдауымен елдегі барлық мектепке дейінгі ұйымдардың 48%-ын құрайтын жеке балабақшалар ваучерлік қаржыландыру жүйесі бойынша аккредитациядан өтті. Бұл мектепке дейінгі жастағы балалардың білім алу және дамуына мүмкіндік беріп, күту парақтарының қысқаруына және ТДМ 4 мақсаттарының жедел орындалуына ықпал етті. БҰҰ қолдауымен білім беру мазмұны заманауи еңбек нарығының талаптарына бейімделіп, аралас оқыту, жасанды интеллект және климат саласындағы дағдыларды дамыту бағытында қайта қаралды. Сонымен қатар білім беру саласындағы қаржыландырудың теңдігін қамтамасыз етуге Үкімет тарапынан міндеттемелер қабылданды. БҰҰ жүргізген кеңес беру және насихаттау жұмысы нәтижесінде аутизм бар балаларға арналған ұсынылған іс-қимыл шаралары 2025–2027 жылдарға арналған ұлттық жол картасына енгізілді. БҰҰ, сондай-ақ Білім беру министрлігі бекіткен «Тұрақты даму үшін білім беру – 2030» стратегиясын қолдап, осы бастама туралы мыңдаған педагогтің хабардарлығын арттырды. Денсаулық сақтау және әлеуметтік дағдыларды білім беру процесіне енгізу бойынша 3700 мұғалім мен оқу бағдарламасын әзірлеуші маман оқытылды. Жасыл дағдылар мен климаттық білім бойынша жүргізілген сауалнамалар мен фокус-топтарға 35 мың жастар қатысты.



Түпкі нәтиже 1.2 келесі ұйымдар күшін біріктіреді:



ТДМ міндеттері:



Халық денсаулығының жақсаруы

БҰҰ санитариялық талаптар, темекі өнімдеріне қарсы күрес және энергетикалық сусындарды сатуды шектеуге бағытталған заңнамалар мен саясатты қолдап, оларды ілгерілетуге үлес қосты. Бұл жұмыс мектептердегі санитариялық стандарттардың қайта қаралуына, вейптерді импорттауға, өндіруге және таратуға толық тыйым салуға, сондай-ақ энергетикалық сусындарды 21 жасқа толмаған азаматтарға сатуға тыйым салуға алып келді. БҰҰ Халықаралық медициналық-санитариялық ережелер мен Жаһандық денсаулық сақтау бағдарламасын іске асыру жөніндегі жол картасын жаңартуға қолдау көрсетті. Сонымен қатар БҰҰ тыныс алу органдары аурулары пандемиясына дайындық және ден қою жөніндегі жоспарды, әмбебап медициналық қамтуды және бастапқы медициналық көмекті дамытуға бағытталған бірқатар саясаттық құжаттарды әзірлеуге атсалысты. БҰҰ түзету мекемелеріндегі денсаулық сақтау қызметтерін күшейту мақсатында зерттеу жүргізіп, Үкіметке ұсынымдар әзірледі. Елдік топ денсаулық сақтау және иммунопрофилактика салаларындағы әртүрлі бағыттар бойынша бағалау мен талдаулар жүргізді, соның ішінде вакцинациядан кейінгі жағымсыз оқиғаларға себеп-салдарлық талдау, «суық тізбек» жүйесіне шолу және басқа да зерттеулер қамтыды. Бұл жұмыс үкімет тарапынан жиі қабылданатын, әрі миллиондаған адамға әсер ететін дәлелді ұсынымдар әзірлеуге негіз қалайды. 2024 жылы БҰҰ 130-дан астам оқыту іс-шарасын, семинарлар мен дөңгелек үстелдерді өткізіп, ұлттық және өңірлік деңгейдегі 4655 медицина қызметкерін қоса алғанда, барлығы 7800-ден астам адамды қамтыды. Оқыту тақырыптары инфекцияның алдын алу және бақылау (оның аясында 23 аурухананың бағалауы жүргізілді және қызылшаға қарсы күрес бойынша семинар ұйымдастырылды), зертханалық қауіпсіздік, психикалық денсаулық, мектептегі денсаулық сақтау, қоршаған орта мен денсаулықтың байланысы және санитария мәселелерін қамтыды. Оған қоса БҰҰ денсаулық сақтау тақырыптары бойынша әлеуметтік желілерде 50-ден астам ақпараттық науқан мен 150-ден астам іс-шараны жариялап, ондаған мың адамды қамтыды, сондай-ақ арнайы контент пен видеоматериалдар әзірледі.

Білім беруде цифрлық байланыс дамуы жеделдеді

Заманауи білім беруде интернет шешуші рөл атқарады. БҰҰ қолдау көрсеткен «Қолжетімді

интернет» бағдарламасы аясында 1861 мектеп спутниктік интернетке қосылды. Бүгін 6 916 мектеп интернет жылдамдығын күнделікті тексеруге арналған қосымшаны пайдаланып отыр, нәтижесінде орташа жылдамдық 13 Мбит/с-тан 17 Мбит/с-қа дейін артты. Сонымен қатар шалғайдағы мектептерді қосу үшін спутниктік кеңжолақты шешімдер нарығына бағалау жүргізілді. Ғарыш және экология тақырыбында өткен онлайн вебинарларға 7000 жасөспірім қыз қатысты. Learning Samgau (UPSHIFT) цифрлық платформасының қолданушылары 21,7%-ға артты — 2024 жылы платформаға 10594 қатысушы тіркелді. БҰҰ білім беру саласындағы киберқауіптерге байланысты тәуекелдерді бағалау жүргізді, сондай-ақ үш білім саласындағы саясаткер цифрлық оқыту және киберқауіпсіздік бойынша тәжірибе алмасу сапарымен Оңтүстік Кореяға барды.

Білім беру саласында әйелдердің әлеуеті артты, мұғалімдердің кәсіби дағдылары нығайды

БҰҰ STEM бағыты бойынша ауылдық жерлердегі 8-сыныптың 30 оқушы қызын 3D модельдеу, бағдарламалау, робототехника және цифрлық қауіпсіздік салаларында оқытты. «STEM саласындағы әйелдер» көшбасшылық бағдарламасы ауылдан шыққан жас әйелдерге саясаткер және бизнес саласындағы әйел көшбасшылармен бірге тағылымдамадан өтіп, көшбасшылық дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің базасында гендерлік зерттеулер бойынша магистратура бағдарламасы пилоттық түрде іске қосылды. Мұғалімдердің кәсіби әлеуетін арттыру мақсатында БҰҰ үш өңірдегі 11 ауыл мектебінде педагогтар арасындағы ынтымақтастықты дамытуға бағытталған пилоттық жобаны жүзеге асырды. Бұдан бөлек, 128 мұғалім мен 22 фасилитатор кәсіби оқу қауымдастықтарына қатысып, өздерінің көшбасшылық дағдыларын жетілдірді. Қазақстандағы мектеп оқушылары үшін сапалы білім беру мен оқыту нәтижелерін жақсартудың негізгі алғышарты — мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру. Осы бағытта 91 мұғалім әлеуметтік-эмоциялық дағдылар бойынша оқытудан өтті. Сонымен қатар білім беру бағдарламаларына гендерлік теңдік пен кемсітушілікке қарсы тәсілдер тұрғысынан сараптама жүргізіліп, ұлттық серіктестерге нақты ұсынымдар берілді.

Денсаулық сақтау туралы хабардарлық артты

БҰҰ қолдауымен 170 мың жасөспірім әлеуметтік желілер арқылы АИТВ, репродуктивті денсаулық және жеке даму тақырыптарында білім алды. Біздің қолдауымызбен әлеуметтік-эмоциялық оқу 2023–2025 жылдарға арналған суицидті алдын алу және балалар құқықтарын қорғау жөніндегі ұлттық жоспарға енгізілді. Балалар әл-ауқатын жақсарту мақсатында БҰҰ Абай, Ұлытау, Жетісу облыстары мен Астана қаласында 130 педагог пен психологты жыныстық және репродуктивті денсаулық, ЖЖБЖ (Жыныстық жолмен берілетін жұқпы аурулар) алдын алу, заманауи контрацепция әдістері және гендерлік теңдік тақырыптары бойынша оқытты. Сондай-ақ гендерлік теңдік мәселелері бойынша 100 ерікті жас көшбасшы даярланып, 10 мыңнан астам жасөспірімге тренинг өткізді. БҰҰ 1000-нан астам жасөспірімнің салауатты өмір салтына деген көзқарасын қалыптастырып, олардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға үлес қосты.

Позитивті әлеуметтік нормалар қалыптасты

Біз назардан тыс қалу қаупі бар адамдар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге бағытталған жұмысымызды жалғастырып келеміз. Осы бағытта Түркістан облысында мүгедектігі бар 23 жасқа жыныстық және репродуктивті денсаулық пен құқықтар, гендерлік теңдік және гендерлік зорлық-зомбылықтың алдын алу тақырыптары бойынша оқыту ұйымдастырылды. Сондай-ақ өңірде 75 психолог пен теолог гендерлік зорлық-зомбылықты басынан кешірген адамдарға мәдени тұрғыда сезімтал қолдау көрсету бойынша оқытудан өтті. Мұсылман қауымдастықтарына арналған отбасын жоспарлау, гендерлік теңдік және зорлық-зомбылықты алдын алу тақырыптары бойынша сенімге негізделген оқу материалдары әзірленді. БҰҰ Астана мен Шымкент қалаларында некеге дейінгі екі оқыту сессиясын өткізіп, 70 адамды (оның ішінде 23 жұп және өңірлік отбасын қолдау орталықтарының өкілдері) қамтыды. Оған қоса Қызылордада 250-ден астам адам, соның ішінде мемлекеттік қызметкерлер, Парламент депутаттары және азаматтық қоғам өкілдері қатысқан 9-шы Әкелер форумын өткізуге қолдау көрсетті.



Гендерлік зорлық-зомбылықты алдын алу

2024 жылы БҰҰ Қазақстанның ауылдық өңірлерінде тұратын 500 әйелді цифрлық қауіпсіздік пен интернеттегі қауіп-қатерден қорғану бойынша тренинг өткізді. Сонымен қатар ауылдық жерлердегі 28 әйел мен қыз балаға арналған гендерлік зорлық-зомбылықтан қорғану бойынша тренинг өткізілді. Бұл тренинг олардың түйсік, өзіне деген сенімділік және шешім қабылдау дағдыларын дамытуға бағытталды. БҰҰ Орталық Азияда гендерлік зорлық-зомбылықпен күрес жөніндегі альянсты қолдауды жалғастырып, жарғы, қағидалар және ережелерді қабылдауға бағытталған диалог жүргізуге ықпал етті. Мүгедектігі бар адамдар ұйымдарының 50 өкілі гибриді форматтағы аймақтық кездесу аясында гендерлік зорлық-зомбылық мәселелерін талқылауға қатысты. Нәтижесінде, Мүгедектігі бар әйелдер желісінің 2025 жылға арналған жол картасы әзірленді. БҰҰ сондай-ақ гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы «16 күндік белсенді әрекеттер» жаһандық науқаны аясында елордада студенттерге арналған кейс-чемпионат ұйымдастырды. Шара барысында студенттер гендерлік зорлық-зомбылықты алдын алуға бағытталған өз ұсыныстарын әзірледі. Елордадағы жоғары оқу орындарынан қатысқан бес команда БҰҰ агенттіктері дайындаған гендерлік зорлық-зомбылық жағдайларына өздерінің креативті шешімдерін ұсынуға мүмкіндік алды.

Босқындар мен азаматтығы жоқ адамдарды қорғау жақсарды


БҰҰ Қазақстанда босқындардың құқықтық және әлеуметтік қорғалуын күшейтуге, сондай-ақ ұлттық саясаттарды халықаралық стандарттармен үйлестіруге бағытталған әлеуетті нығайтты. Осы мақсатта 20 судьяға ұлттық босқындар заңнамасы мен халықаралық қорғау стандарттары бойынша оқыту жүргізілді. Сонымен қатар 43 жергілікті мемлекеттік қызметкерге босқындар туралы заңнаманы іске асыру жөнінде тренинг өтті. Азаматтығы жоқтың қысқарту және босқындарды қорғау тақырыбында елдің төрт ірі университетінде ақпараттық дәрістер ұйымдастырылды. БҰҰ қолдауымен 400-ден астам адвокат пен заң кеңесшісі халықаралық босқындарды қорғау саласында біліктілігін арттырды. Босқын және баспана іздеуші ең осал отбасыларға қаржылай қолдау көрсетіліп, 493 өтінімге, оның ішінде медициналық көмекке қатысты өтініштерге қолдау берілді. Алматы қаласында 5 босқын әйел тігін ісі бойынша кәсіби курстан өтіп, табыс

табуға мүмкіндік беретін тігін машиналарымен қамтамасыз етілді. 45 босқын отбасыға гуманитарлық көмек ретінде киім, ал 20 отбасыға гигиеналық құралдар ұсынылды. БҰҰ көмегімен 4 босқын бала мектепке қабылданды. 2024 жылы азаматтығы жоқ 728 адам анықталып, олардың 642-сі жеке басын куәландыратын құжаттарға ие болды. DAFI стипендиялық бағдарламасы аясында 17 босқын жоғары және кәсіби білім алуға мүмкіндік алып, медицина, ақпараттық технологиялар, дизайн және өзге де салалар бойынша жоғары оқу орындарына түсті.

АИТВ қатысты қауіптермен күрес күшейді

БҰҰ Үкіметке 2024–2026 жылдарға арналған Ұлттық АИТВ жол картасын әзірлеуге қолдау көрсетті. Құжат ТДМ үйлестіріліп, 2025 және

2030 жылдарға арналған АИТВ бойынша ұлттық эпидемиологиялық болжамдар толықтырылды. АИТВ алдын алу шараларын күшейту мақсатында 40 өңірлік ЖИТС маманына деректерді талдау және стратегиялық болжам жасау бойынша оқыту ұйымдастырылды. Сонымен қатар Қазақстанның жаһандық АИТВ мониторингі бойынша есебін әзірлеуге техникалық көмек көрсетіліп, деректерді қадағалау сапасы 90%-ға жақсарды. БҰҰ АИТВ тестілеу сапасын арттыру мақсатында 40 эпидемиолог пен 20 зертхана маманын оқытып, елдің 20 өңірлік ЖИТС орталығында жаңадан жұққан жағдайларды анықтау тәжірибесін енгізді. АИТВ алдын алудағы елеулі нәтижелердің бірі – PrEP (алдын алу мақсатындағы антиретровирустық терапия) қолданушылар санының 2022 жылы 9 адамнан 2024 жылы 7822 адамға дейін өсуі болды.

**Цифрлық дағды, нақты нәтиже**

Көру мүмкіндігі шектеулі Иминжан Қадыров ЮНИСЕФ қолдауымен нашар көретін жасөспірімдердің цифрлық дағдыларын дамыту бағдарламасының қатысушысы болып, бұл оған цифрлық әлемге есік ашты. Ол бағдарлама арқасында цифрлық дағдыларды үйреніп, «Жан» Азиялық мүгедектігі бар адамдар құқықтарын қорғау қоғамына жұмысқа орналасты.

Бастапқы күдіктерге қарамастан, ол өз рөлін керемет атқарды және қазір мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастырудың жақтаушысы. 2021 жылдың мамыр айынан бастап көру қабілеті нашар 131 жасөспірім цифрлық дағдыларды меңгерді. 2023 жылы жоба ЮНИСЕФ дайындаған тренерлермен Павлодар қаласына дейін кеңейді.

Иминжан хикаясы мүгедектігі бар жандардың әлеуеті мен адалдығын ескере отырып, білім беру мен жұмысқа орналастыруда инклюзия маңыздылығын көрсетеді.

ТҮПКИ НЭТИЖЕ 2.1

2025 жылға қарай Қазақстанда адам құқықтарын қорғау және толық іске асыру, гендерлік теңдік және кемсітушілік, зорлық-зомбылық және қауіп-қатерден азат өмір, сондай-ақ шешімдер қабылдауға тең құқылы қатысу қамтамасыз етіледі.



Балалардың интернеттегі қауіпсіздігі бойынша ақпараттық науқан **900 000** астам адамды қамтыды



АИТВ-мен өмір сүретін
адамдар
4 000-нан астам
қолдау қызметі мен оқыту
бағдарламасына қатысты



«HeForShe» атты оң
әлеуметтік нормаларды
ілгерілетуге бағытталған
кампания
100 000 астам
адамды қамтыды



БҰҰ насихаттауы мен саясаттық ұсынымдарының нәтижесінде әйелдер мен балаларды қорғауды нығайтуға бағытталған 16 заңнамаға өзгерістер енгізілді



5900 қылмыстық-
атқару жүйесі қызметкері
Нельсон Мандела
ережелері бойынша
оқытылды



5 өңірде **100** әйел
көшбасшылық бойынша
оқытудан өтті



Құқық қорғау органдары
криптовалютаға қатысты
қылмыстарды тергеу
бойынша өз әлеуетін
арттырды

2024 жылы БҰҰ Елдік тобы Қазақстандағы барлық адамдар үшін білім мен дағдылар тұрғысынан тұрақты дамуға үлес қосуға мүмкіндік беретін жағдай қалыптастыруды жалғастырды. БҰҰ назардан тыс қалу қаупі бар топтарға, яғни босқындар, АИТВ-мен өмір сүретін адамдар, осал әйелдер мен балаларға — ерекше назар аударды. Денсаулық сақтау, білім беру, гендерлік теңдік, экологиялық тұрақтылық, цифрлық инновациялар және әлеуметтік инклюзия салаларындағы бірлескен күш-жігеріміз Қазақстандағы әртүрлі қауымдастықтардың әл-ауқаты мен мүмкіндіктерін айтарлықтай жақсартуға ықпал етті.

Адам құқықтарын қорғауға
бағытталған құқықтық
негіздемелер жетілдірілді

БҰҰ Қазақстандағы құқықтық базаны халықаралық міндеттемелер мен стандарттарға сәйкестендіруге бағытталған қолдауын жалғастырды. Нәтижесінде әйелдер құқықтары мен балалардың қауіпсіздігіне қатысты заң жобасы аясында, оның ішінде Қылмыстық кодекс пен Әкімшілік кодекске 16 заңнамалық өзгеріс енгізілді. Өзгерістер тұрмыстық зорлық-зомбылық, қасақана дене жарақатын салу, буллинг (оның ішінде кибербуллинг), адам ұрлау, кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық қысым көрсету және заңсыз бас бостандығынан айыру сияқты маңызды бағыттарды қамтыды. Сондай-ақ біздің сараптамалық ұсынымдарымыз тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен адамдарға көмек көрсетуге арналған отбасын қолдау орталықтарын құруға ықпал етті.

Әйелдерді гендерлік зорлық-зомбылықтан қорғау күшейіп, саяси өмірге қатысу мүмкіндіктері кеңейді

БҰҰ Елдік тобы гендерлік зорлық-зомбылықты алдын алу және оған қарсы әрекет ету бағытында елдің күш-жігерін қолдап, ілгерілету жұмысын жалғастырды. Мысалы, біз 255 әйел мен қыз балаға өзін-өзі қорғау тәсілдерін, сондай-ақ әлеуметтік және эмоциялық даму дағдыларын оқыттық. 289 әйел тренер киберқауіпсіздік бойынша оқудан өтіп, өз кезегінде 2389 әйелге



Түпкі нәтиже 2.1 келесі ұйымдар күшін біріктіреді:



ТДМ міндеттері:



арналған тізбекті тренингтер өткізді. «HeForShe» науқаны аясында БҰҰ зорлық-зомбылықсыз оң әлеуметтік нормаларды насихаттау мақсатында 100 мыңнан астам адамды қамтыды, ал гендерлік зорлық-зомбылық туралы екі ақпараттық фильмді 2 миллион көрермен тамашалады. Сондай-ақ біз отбасында зорлық-зомбылықсыз құндылықтарды дәріптеу мақсатында әкелермен жұмыс жүргізіп, 70 адамға некеге дейінгі кеңес беру қызметін көрсеттік.

БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің әйелдердің қауіпсіздігі мен бейбітшілікті сақтау туралы қарарларына сәйкес құқық қорғау органдары (полиция, прокуратура, төтенше жағдайлар қызметі) қызметкерлерінің әлеуетін арттыру үшін 354 маманды оқытты.

БҰҰ АИТВ-мен өмір сүретін әйелдерді қолдауды жалғастырып келеді. Бұл бағытта менторлық бағдарламалар (206 әйел қатысты), құқықтық сауаттылықты арттыру (225 әйел оқытылды), өзара көмек топтары (376 қатысушы) мен жеке кеңес беру (3074 сессия) сияқты адамға бағдарланған шаралар іске асты. Сонымен қатар стигманың салдарын бастан өткерген әйелдер үшін 287 жеке психологиялық сессия және 7 топтық тренинг өткізілді.

Саяси көшбасшылық саласында да әйелдердің әлеуетін арттыруға назар аударылды — бес өңірде 100 әйел көшбасшылық және сайлауалды кампанияны жүргізу бойынша оқудан өтті.


Осал топтарды қорғау күшейді

БҰҰ назардан тыс қалу қаупі бар топтарды қолдау бағытындағы жұмысын жалғастырды. Саясаттық кеңес беру және әлеуетті арттыру шараларының нәтижесінде 65 отбасын қолдау орталығында балалардың мүддесін ескеретін іс жүргізу протоколдары енгізілді. БҰҰ 300 әлеуметтік қызметкер мен 100 психикалық денсаулық маманына арнайы оқыту ұйымдастырды. Балалардың интернеттегі қауіпсіздігіне ерекше назар аударылды: бес қалада 500 ата-анаға арналған киберқауіпсіздік бойынша интерактивті семинарлар өткізілді. Сонымен қатар Үкімет пен БҰҰ бірлесіп жүргізген балалардың онлайн қауіпсіздігіне арналған ақпараттық науқандар Қазақстан бойынша 900 мыңға жуық адамды қамтыды.

Құқық қорғау және сот жүйесінің әлеуеті артты

БҰҰ қылмыстық-атқару жүйесінде адам құқықтары қағидаттарын нығайтуға үлес қосты. 2024 жылы Нельсон Мандела ережелеріне сәйкес 5900 түзеу мекемесінің қызметкерін оқытты. Қазақстанның Қостанай қаласындағы Қылмыстық-атқару жүйесі академиясының түрме және пробация қызметкерлерін оқытатын Өңірлік білім беру хабы ретіндегі әлеуетін арттырды. Параллельді қаржылық тергеу және заңсыз қаржылық ағындарды анықтау бағытында 34 құқық қорғау органының қызметкерін (оның ішінде 6 әйелді) оқытты. Параллельді қаржылық тергеулер институтына саяси-талдамалық кеңес берді. Бас прокуратура мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттікке сараптамалық қолдау көрсетті. Порттық және әуе жүк бақылау бөлімшелеріне қолдау көрсету арқылы Қазақстанда заңсыз өнімдерді тәркілеудің 104 фактісі тіркелді. Оның ішінде 40 кг есірткі, тыйым салынған медициналық препараттар және қару-жарақ анықталды. Синтетикалық есірткілерге қарсы іс-қимыл шеңберінде 122 құқық қорғау және кеден қызметкерін (оның ішінде 16 әйелді) оқытты. Сонымен қатар біз Алматы қаласында орналасқан CARICC – Есірткі, психотроптық заттар және олардың прекурсорларының заңсыз айналымымен күрес жөніндегі Орталық Азия өңірлік ақпараттық және үйлестіру орталығына қолдау көрсеттік. Аталған орталық Қазақстаннан Еуропаға бағытталған бақылаудағы халықаралық жеткізу операциясын үйлестіріп, нәтижесінде халықаралық ұйымдасқан қылмыстық топтың мүшелерін ұстауға ықпал етті.

БҰҰ Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылын күшейтуге елеулі үлес қосты. 7500-ге жуық талдау әзірленіп, олардың көмегімен 140 сыбайлас жемқорлық ісі бойынша тергеу қолдау тапты (оның ішінде бірнеше миллиард теңгеге бағаланған істер де бар). Оған қоса сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыстарды қарау бойынша 120 судьяны (оның ішінде 45 әйел) оқытты. Жастардың сыбайлас жемқорлықтың себептері мен оған қарсы әрекет ету жолдары туралы түсінігін арттыру үшін 100 студенттің қатысуымен Жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы жазғы мектебін өткізді.



Жыныстық және репродуктивті денсаулық саласында өзгеріс жасау

Аслан Темірхан – жыныстық және репродуктивті денсаулық туралы білім беру мен жастар құқықтарының жақтаушысы. Ол жақында БҰҰ-ның Женевадағы жоғары деңгейдегі конференциясында сөйлеген сөзінде жасөспірімдер арасында сапалы жыныстық және репродуктивті ақпараттың шұғыл қажеттілігін, әрі олардың таңдауы мен нәтижелеріне әсерін атап өтті.

Аслан өзінің Instagram желісіндегі парақшасында денсаулық сақтау, репродуктивті құқықтар және жыныстық жолмен берілетін инфекциялар туралы хабардар болуды насихаттайды, аталған ақпарат емханадан тыс мыңдаған адамдарға жетеді. Ол Біріккен Ұлттар Ұйымын адамзатты біріктіруші күш ретінде қарастырады, оның ықпалын пациенттердің жеке күтімінен тыс, білім беру мен профилактикаға кең ауқымда кеңейтеді.

Қазақстандағы Y-PEER желісі әлемдегі ең табысты жастар желілерінің бірі болып табылады. Жиырма жыл барысында 300 мыңнан астам жасөспірімдер мен жастар гендерлік зорлық-зомбылық, кешенді жыныстық денсаулық және жастар құқықтары бойынша тренингтерден өтті.

БҰҰ заманауи қауіптерге қарсы тұру мақсатында мемлекеттік органдардың әлеуетін арттырды. Виртуалды активтерге қатысты тәуекелдер мен криптовалютаға байланысты алаяқтықтың алдын алу тақырыбында 36 құқық қорғау және қаржы реттеуші орган өкілін оқытты. Қазақстанның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттігіне криптовалютамен жүргізілетін тергеулер үшін *Chainalysis Reactor* бағдарламалық қолданбасына лицензия берді. Үкіметтің бастамасымен және БҰҰ қолдауымен Қаржы мониторингі агенттігі жанынан криптовалюталарды реттеуге бағытталған арнайы бөлімше — «Crypton» құрылды. Сонымен қатар балаларды интернеттегі қауіптерден қорғау мақсатында БҰҰ ата-аналар арасында киберқауіпсіздік туралы ақпараттандыру жұмысын жүргізді.

Босқындарды қорғауды жақсарту

БҰҰ қолдауымен босқындар мен азаматтығы жоқ адамдарды қорғау күшейді. Бұл бағытта мемлекеттік қызметкерлердің әлеуеті артып, құқықтық қолдау көрсетіліп, ақпараттық жұмыс жүргізілді. 2024 жылы еліміздің 11 өңірінде өткізілген науқандар аясында 600 азаматтығы жоқ адамға құқықтық көмек көрсетілді. Азаматтығы жоқ тұлғаларды анықтау рәсімдерін жетілдіру бойынша ұсынымдар беріліп, осы салада жұмыс істейтін 44 мемлекеттік қызметкер мен ҰЕҰ өкілі оқытылды. Сонымен қатар 80-нен астам заң факультетінің студенттері мен оқытушыларына азаматтығы жоқтықты қыстарту және босқындар құқығы бойынша оқыту ұйымдастырылды.



ТҮПКІ НӘТИЖЕ 2.2

2025 жылға қарай барлық деңгейдегі мемлекеттік институттар адам құқықтары мен дәлелдерге негізделген гендерлік аспектілерді ескеретін мемлекеттік саясатты тиімді әзірлеп, жүзеге асыратын және жан-жақты, ашық және есеп беретін түрде сапалы қызметтер көрсететін болады.



Бірнеше платформа арқылы ТДМ мониторингі күшейтілді



5332 жас азаматтық басқару процесіне тартылды



Жаңа Бюджет кодексінің жобасына гендерлік жауапты бюджеттеу тетіктері енгізілді



Нормативтік-құқықтық актілерге гендерлік сараптама жүргізудің жаңа әдістемесі бекітілді



550 мемлекеттік қызметкер цифрлық басқару реформалары мен жобаларды басқару саласында оқытылды



Ұлттық алдын алу тетігінің 90 мүшесі оқытудан өтті

Төменде келтірілген нәтижелер — Қазақстанда инклюзивті, құқыққа негізделген, гендерлік сезімтал және дәлелдерге сүйенетін қоғамдық саясат пен қызметтерді іске асыру мақсатында мемлекеттік мекемелердің әлеуетін арттыруға бағытталған БҰҰ агенттіктерінің үйлестірілген жұмысының көрінісі.

Басқару жүйесі мен ТДМ іске асыру күшейді

БҰҰ қолдауы ұлттық саясатты және басқару шешімдерін ТДМ үйлестіруді тереңдетуге айтарлықтай үлес қосты. Біз ТДМ мониторингі мен өңірлік ынтымақтастықты дамыту мақсатында Орталық Азияда ТДМ платформасын және ТДМ-ды жергілікті деңгейге бейімдеу әдістемесін енгіздік. Сонымен қатар Қазақстан Парламенті жанындағы ТДМ мониторингі жөніндегі комиссиямен бірлесе отырып, ТДМ-ды ұлттық стратегиялық құжаттарға енгізуге сараптамалық қолдау көрсеттік. Жергілікті деңгейдегі әлеуетті де нығайттық. Мысалы, Ақмола облысында 200 жергілікті мемлекеттік қызметкер (оның ішінде 79 әйел) ТДМ-ды жергілікті деңгейде бейімдеу бойынша оқытудан өтті. Өңір үшін цифрлық басқару басымдықтарын анықтап, бұл тақырып өңірлік конференцияда 13 елдің өкілдерімен талқыланды.

БҰҰ цифрлық басқару және мемлекеттік сектордағы инновацияларды дамыту арқылы басқару сапасын арттырды. Біз 12 елде цифрлық басқару саласындағы мекемелердің әлеуетін күшейтіп, 550 мемлекеттік қызметкерді (оның ішінде 23 әйел) цифрлық реформалар мен жобаларды басқару бойынша оқыттық. Бұған қоса, 60 маманға мемлекеттік қызметте жасанды интеллектті қолдану жөнінде арнайы курс өткіздік.

2024 жылы БҰҰ Денвер университетінің Пардей орталығымен бірлесіп, Қазақстан Үкіметі үшін болашақты болжау мен даму модельдеуіне арналған кешенді зерттеу жүргізді. Бұл зерттеу саяси шешім қабылдаушыларға балама даму сценарийлерін ұсынып, стратегиялық жоспарлаудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.



Түпкі нәтиже 2.2 келесі ұйымдар күшін біріктіреді:



ТДМ міндеттері:



Гендерлік-сезімтал басқару және бюджетті жоспарлау күшейтілді

Қазақстандағы БҰҰ мемлекеттік саясат пен бюджетті жоспарлау кезінде гендерлік теңдікке әсерін есепке алуға мүмкіндік беретін тетіктерді дамытуға қолдау көрсетті. Біздің қолдауымызбен нормативтік құқықтық актілерге гендерлік сараптама жүргізудің жаңа әдістемесі әзірленіп, бекітілді. Сонымен қатар гендерлік тұрғыдан сезімтал бюджетті жоспарлауды жаңа Бюджет кодексінің жобасына енгізу процесі ілгерілетілді. Осы бағытта 60 мемлекеттік қызметшіге гендерлік талдау және инклюзивті саясатты әзірлеу бойынша оқыту жүргізілді. Бұдан бөлек, біз салық салудағы әділеттілікті қамтамасыз ету мақсатында жеке табыс салығын прогрессивті жүйеге көшіру мәселесі бойынша кеңес бердік. Сондай-ақ U-Report бастамасы арқылы 5332 жас шешім қабылдау үрдісіне қатыстырылды.

Құқықтық реформалар мен адам құқықтары саласы жетілді

БҰҰ қолдауы Үкіметтің адам құқықтарын тиімді қорғау қабілетін арттыруға ықпал етті. Біздің қолдауымызбен бизнестегі адам құқықтары жөніндегі алғашқы іс-қимыл жоспарының жобасы әзірленді. Сондай-ақ адам құқықтарын бақылау бойынша Ұлттық алдын алу тетігінің 90 мүшесіне және басқа да адам құқықтары институттарының өкілдеріне оқыту өтті. Ұлттық адам құқықтары институтының функционалдық әлеуетін Париж қағидаттарына сәйкес күшейту мақсатында мақсатты қолдау көрсетілді. Негізгі нәтижелердің қатарында Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтының қолданыстағы функцияларын талдау, азаматтардың шағымдары мен өтініштерін қарау тетіктерін жетілдіру және адам құқықтары мәселелері бойынша коммуникация мен қоғамдық ақпараттандыруды күшейтуге бағытталған ұсынымдар әзірлеу болды. Сонымен қатар халықаралық стандарттар әзірлейтін ұйым ретінде біз «Әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы» заң жобасына ұсыныстарымызды жолдадық. Соның нәтижесінде әйелдер мен балаларды зорлық-зомбылықтан қорғауға бағытталған 16 заңнамалық акт қабылданды. Зерттеуіміз бен қолдауымыздың нәтижесінде тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге көмек көрсететін отбасын қолдау орталықтарының жұмыс тәртібін айқындайтын министрлік бұйрығы бекітілді және әлеуметтік қызметтерді қаржыландыру тетіктері жетілдірілді.

Жастар мен әйелдер әлеуеті артты


БҰҰ қолдауының арқасында жастар мен әйелдер өз құқықтарын қорғауға және өз қауіпсіздігін қамтамасыз етуге белсенді атсалыса алады. Біздің қолдауымызбен 150 ерікті бала құқықтары мен инклюзивтілік тақырыптары бойынша білім алып, түрлі іс-шараларға тартылды. Сонымен қатар 289 әйел киберқауіптерден қорғану бойынша арнайы оқудан өтті, ал 2348 әйел ақпараттық науқандар арқылы киберқауіпсіздік туралы мағлұмат алды. БҰҰ Елдік тобы Орталық Азиядағы фемицидті зерттеу жөнінде 20 зерттеуші мен белсендіні, сондай-ақ гендерлік деректерді визуализациялау тақырыбында 18 суретшіні арнайы оқытты.

АИТВ індетін алдын алу

Қазақстандағы БҰҰ АИТВ індетін алдын алу және оған қарсы әрекет ету шараларын жалғастыруда маңызды рөл атқарады. 2024 жылы БҰҰ агенттіктері еліміздегі ЖИТС орталықтарына 580 мың су негізіндегі лубрикант және 2009232 презерватив жеткізді. Біз АИТВ-мен өмір сүретін әйелдерге арналған 287 жеке терапия сессиясын және 7 топтық тренингті өткізуге қолдау көрсеттік. Сонымен қатар 206 әйел менторлық бағдарламаларға қатысып, 3074 жеке кеңес берілді. БҰҰ Елдік тобы АИТВ алдын алу стратегиясын іске асыру мақсатында 35 маман мен 15 МСМ белсендінің әлеуетін арттырды.

Миграциялық басқару жүйесі нығайтылды

БҰҰ мигрант жұмысшылардың қорғалуын жақсарту мақсатында 14 өңірде өткізілген бастапқы мобильділік бағалау арқылы дәлелдерге негізделген миграциялық саясатты ілгерілетуге қолдау көрсетті. Сонымен қатар біз ұлттық миграциялық саясатты іске асыру және халықаралық қағидаттарды сақтау бойынша 27 мемлекеттік қызметкерге арналған арнайы оқыту арқылы мемлекеттік қызметкерлердің осы саладағы әлеуетін арттыру жұмысын жалғастырдық.



Екінші мүмкіндік

Мұраттың өмірі – өзгеріс пен екінші мүмкіндіктер хикаясы. Ол бір кездері қамауда болған, қазір түрме қабырғасының арғы жағында пробация қызметінің қолдауы арқасында elektrik болып жұмыс істейді.

БҰҰ мен жергілікті қорлар маңызды рөл атқарды. «Бостандыққа шыққаннан кейін БҰҰ құқықтық мәселелерді шешуге көмектесті», - деп еске алады Мұрат. Футбол турнирлері сияқты қоғамдық шараларға қатысу оның қайта бейімделуіне ықпал етті. Құжаттар және қаржымен көмектескен пробация қызметінің қолдауы маңызды рөл атқарды.

2018 жылдан бастап Қазақстан ЕО мен БҰҰ-ның зорлықшыл экстремистік тұтқындармен жұмыс жөніндегі жаһандық бастамасына қосылды. БҰҰ Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасы және басқа серіктестермен бірге жүргізілген бұл бағдарлама екі пилоттық аймақта – Қарағанды мен Павлодарда 100 зорлық-зомбылық жасаған экстремистік тұтқынды қамтып, оларды қайта бейімдеуге және радикалдануды алдын алуға жәрдемдеседі.

ТҮПКІ НӘТИЖЕ 3.1

2025 жылға қарай Қазақстанның барлық халқы, әсіресе неғұрлым осал топтар өндірістік әлеуетті нығайта отырып, инклюзивті, берік және тұрақты экономикалық даму нәтижелерін, тұрақты және лайықты жұмыс істеу, өмір сүруге қаражат алу және бизнес жүргізу үшін дағдылар мен тең мүмкіндіктерді пайдаланатын болады.



22 қауымдастық негізінде жүзеге асатын тұрақты бастамаға қолдау көрсетілді



300 әлеуметтік осал санаттағы жастарға арналған ақылы тағылымдамадан өту бағдарламасы іске асты



Ауыл шаруашылығы өнімділігін болжауға арналған қашықтықтан зондтау негізіндегі жүйе әзірленді



Мәдени мұра нысандарын басқарушыларға арналған **52** өңірлік оқыту іс-шарасы өткізілді



5G желісін енгізуге қатысты нормативтік-құқықтық базаны жетілдіруге қолдау көрсетілді



Креативті экономика саласында **15** стартап құрылды

2024 жылы БҰҰ Қазақстанда инклюзивті, төзімді және тұрақты экономикалық дамуды қолдауды жалғастырды. Бұл бағытта мемлекеттік қызметкерлер, кәсіпкерлер, фермерлер және басқа да азаматтардың дағдыларын дамытуға басымдық берілді. БҰҰ осал топтарды қолдауға, гендерлік теңдікті ілгерілетуге және экологиялық тұрақтылықты насихаттауға ерекше мән беріп, Қазақстанның даму мақсаттарына жан-жақты қолдау көрсетуді жалғастырды.

Жасыл экономиканы әртараптандыру және жұмыс орындарын құру ілгеріледі

БҰҰ Қазақстандағы шағын бизнестің жасыл экономика саласындағы әлеуетін арттыруға қолдау көрсетті. Қауымдастық бастамасымен іске асатын тұрақты жобаларды қолдау мақсатында Кіші гранттар бағдарламасы аясында 22 грант берілді. Бұдан бөлек, жылыжай шаруашылығы, астық кептіру, сүт өндірісі және жаңартылатын энергия көздері бағыттарында жұмыс істейтін 8 агробизнеске қолдау көрсетілді. Тобымыз жайылымдарды басқару бойынша 73 фермерді (оның 34%-ы – әйелдер) оқытып, осал топтағы әйелдерге арналған 10 жылыжай салып берді. Экологияға зиян келтірмейтін ауыл шаруашылығын ілгерілету мақсатында 42 фермерге пестицидтерді азайту және бос ыдыстарды үш мәрте шаю әдісі бойынша оқыту ұйымдастырылды. Шағын бизнес пен фермерлерге қолдау көрсету аясында біз экономиканы тиімді басқару үшін мемлекеттік органдардың әлеуетін де нығайттық – 181 мемлекеттік қызметкер (оның 44% – әйелдер) жасыл экономика және төмен көміртекті даму бойынша оқытудан өтті. Біздің қолдауымызбен бизнесте әділ тәжірибе орнығып келеді – 50 мыңнан астам қызметкері бар 8 жаңа компания жұмыс орнында гендерлік теңдікті қамтамасыз ету мақсатында Әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту қағидаттарын (WEPs) қабылдады.

Қазақстандағы БҰҰ тобы таза технологиялар саласындағы инновацияларды қолдап, 142 өтінімнің ішінен (оның 70-і әйелдер жетекшілік ететін топтардан) үздік жасыл жобаларды іріктеді. Қолдау алған кейбір стартаптар жаһандық инновациялық байқауда үздік 6-ның қатарына кірді. Біз ұлттық деңгейде экожүйені дамыту мен саясатты жетілдіруге бағытталған ұлттық семинар өткіздік, сондай-ақ 19 оқыту



Түпкі нәтиже 3.1 келесі ұйымдар күшін біріктіреді:







ТДМ міндеттері:





сессиясын ұйымдастырдық (жеделдету қолдауы, әсерді болжау және саясаттық инновациялар бойынша), және 17 менторды (оның ішінде 4 әйел) оқыттық. Сонымен қатар Қазақстаннан 6 адамнан құралған команда Cleantech Days конференциясына қатысып, акселерациядан кейінгі бизнес оқытудан өтті.

Жұмыспен қамту жақсарды

БҰҰ ел азаматтарының, әсіресе әйелдер мен жастарды жұмыспен қамту мүмкіндіктерін арттырды. Мысалы, екі өңірде әлеуметтік осал жастарға арналған ақылы тағылымдамадан өту бағдарламасы іске асырылып, оған 300 адам қатысып, олардың 80% (240 адам) тұрақты жұмысқа орналасты. Сонымен қатар 250 жас кәсіпкерлік дағды бойыншы білім алып, оның нәтижесінде қолөнер, музыка, маркетинг, дизайн және сәулет салаларында 15 стартап құрылды. БҰҰ цифрлық және кәсіби дағдылар бойынша онлайн курстарды іске қосу арқылы жүздеген жұмыссыз адамның еңбек нарығына бейімделу мүмкіндігін арттырды. Айта кетерлігі, Қазақстан Жұмыспен қамтудың тұрақтылығы индексі бойынша әлемде 48-орынға, ал Орталық Азия – Оңтүстік Кавказ өңірі бойынша 2-орынға ие болды. Бұл елдің еңбек нарығындағы сыртқы күйзелістерге жауап беру және бейімделу тетіктері жақсы жолға қойылғанын көрсетеді.

Сауда және көлік саласы дамыды

БҰҰ Қазақстанның сауда ынтымақтастығын нығайтуға үлес қосты. Бұған дейін құрылған Қазақстанның Сауда порталы бүгінде 12 мың пайдаланушыға жетті. Біздің қолдауымызбен Қазақстанның сауда деректері Global Trade Helpdesk жүйесіне біріктіріліп, халықаралық бизнеске қажетті ақпаратқа қолжетімділік жақсарды. Сонымен қатар біз 100 кәсіпкерді электрондық сауда реформасы бойынша оқытып, 6 елден келген 35 кеден қызметкерін шекаралық бақылау мен тәуекелдерді басқару тақырыптарында оқыттық. БҰҰ-ның көлік байланысын дамытудағы жұмысы халықаралық көлік саласындағы диалогты күшейтуге бағытталды. Мысалы, Қазақстанды 5-ші Көлік үйлестіру комитеті сессиясына қатысуға қолдау көрсетіп, темір жол көлігінің орнықтылығын арттыру және ГАЗ технологиялары бойынша ақпараттық семинарлар ұйымдастырдық. Сонымен қатар, Қазақстан өкілдері Ыстанбұлда өткен темір жол көлігіндегі климаттық тұрақтылыққа арналған өңірлік семинарға қатысты.



Ауыл шаруашылығы орнықты түрде дамып келеді

Қазақстандағы БҰҰ ауыл шаруашылығындағы экономикалық көрсеткіштерді жақсартатырып, бұл саланың қоршаған ортаға зиян келтірмеуін және адамдар үшін қауіпсіз болуын қамтамасыз етуге күш салып келеді. Азық-түлік қауіпсіздігін арттыру мақсатында біз Үкіметпен бірігіп, қашықтықтан зондтау технологиясына негізделген өнімділік болжамдарын әзірлеу жұмысын бастадық. 2025 жылдың тамыз-қазан айларына жоспарланған ел тарихындағы алғашқы Ауыл шаруашылығы санағына (республика бойынша барлық ауыл шаруашылығы жерлерінің талдауы) дайындық жұмыстарына қолдау көрсеттік. Ауыл шаруашылығының орнықтылығын арттыру мақсатында бес министрліктің өкілдеріне арналған «жасыл ауыл шаруашылығы» бойынша семинар өткіздік.

Оған қоса ауыл шаруашылығының тиімділігін арттыру үшін Ақтөбе облысындағы 100 гектар аумақ итальян шегірткесінен тазартылып, Қазақстан мен Өзбекстан аумағында 2000 гектар жерге трансшекаралық шегіртке таралуына қатысты зерттеу жүргізілді.

Азық-түлік қауіпсіздігі күшейді

БҰҰ қолдауы халықтың денсаулығы мен өмір сүру деңгейіне тікелей әсер ететін қауіпсіз азық-түлік саясатын ілгерілетуге бағытталған. Қазақстандық фермерлердің ауыл шаруашылығы тәжірибесін және қазіргі заманғы технологияларды зерделеуге бағытталған жаңа жоба шеңберінде БҰҰ тамақ өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығында микробқа қарсы препараттарға төзімділікті төмендету бойынша жұмыс істеп жатыр. БҰҰ 42 фермерді пестицидтерді пайдалануды азайту және қалдықтарды басқару бағыты бойынша оқытып, Қазақстандағы аграрлық азық-түлік жүйесіне бағалау жүргізді. БҰҰ диалог алаңы ретінде «Азық-түлік жүйелерінің әлеуетін бағалау» атты семинар ұйымдастырып, оған үкімет, парламент және жергілікті билік өкілдері, фермерлер мен сауда өкілдері қатысты; сонымен қатар, біз азық-түлік қауіпсіздігін жоспарлау мақсатында деректер жинау сапасын арттырған ұлттық деңгейдегі азық-түлік балансы бойынша үш тренинг өткіздік. БҰҰ әлеуметтік миссия арқылы микробқа қарсы препараттарға төзімділікті төмендету мәселесін алғашқы медициналық-санитарлық көмек жүйесіне енгізуді және көпшілікті ақпараттандыру бойынша науқан жүргізуді қолдап, ол 36 мыңнан астам адамды қамтыды.

Өңірдің мәдени мұрасы қорғауға алынды

БҰҰ Қазақстанда және Орталық Азияның барлық өңірінде мәдени мұраны сақтауға үлес қосып жатыр. Біз мәдениет саласындағы менеджерлерге, археологтерге, музей қызметкерлері мен техникалық және кәсіптік білім алушыларға арналған 52 өңірлік оқыту іс-шарасын өткіздік. БҰҰ қолдауымен Орталық Азиядағы бес нысанның Бүкіләлемдік мәдени және табиғи мұра құндылығы артты. Төтенше жағдайлар кезінде мәдени мұраны қорғау бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында 37 мүдделі тарапты қамтыған ұлттық диалог ұйымдастырылды. Бұдан соң біз мәдени мұраны қорғауға бағытталған танымдық жұмыстың аясында Жібек жолы бойынша виртуалды көрме аясында 16 танымдық және 60 анимациялық видеоролик әзірледік, сондай-ақ гидтермен 4 сұхбат және дәстүрлі қолөнер туралы 5 видеоролик түсірдік.

Қоршаған орта статистикасы мен модернизациясына қолдау көрсетілді

БҰҰ Женевада Қоршаған орта статистикасы жөніндегі бірлескен жұмыс тобын ұйымдастырып, бұл шара Қазақстанның

қоршаған орта статистикасына салалық шолу жасауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар қазақстандық мамандар ресми статистиканы модернизациялау жөніндегі семинарға қатысты, қоршаған орта мен климаттың өзгеруі жөніндегі статистикаға салалық шолу жүргізілді. Бұл іс-шаралар дәлелге негізделген экологиялық саясатты әзірлеу үшін статистикалық әлеуетті күшейтуге септігін тигізеді.

Байланыс пен киберқауіпсіздік жақсарды

БҰҰ Қазақстан үкіметінің заманауи экономика мен цифрлық қоғам құру жөніндегі концепциясын жүзеге асыруды қолдайды. Осы мақсатта Қазақстанда 5G енгізу бойынша реттеуші-құқықтық базаны жетілдіру жұмыстары қолдау тапты, сондай-ақ ауылдық өңірлердегі цифрлық инфрақұрылымның осал тұстарын зерттеу негізінде инклюзивті цифрландыру саясатына ұсыныстар жасады. Сонымен қатар БҰҰ Қазақстанның 2024-2027 жылдарға арналған Ұлттық киберқауіпсіздік стратегиясына техникалық көмек көрсетіп, киберқауіптерге қарсы ұлттық қорғаныс тетіктерін жетілдіруге атсалысты. Оған қоса біз маңызды инфрақұрылымды қорғауға ден қойып, 30 киберқауіпсіздік маманын оқыттық.



Үміт сәулесі

Қырғыз Республикасының Ош облысынан шыққан Хуршиданың өмірі 1990 жылдардың аяғында оның отбасы өңірлік жағдайларға байланысты Қазақстанның Қарағанды қаласына көшіп келгеннен кейін күрт өзгерді. Жаңа жерге қоныстанған ол тұрмысқа шығып, бес баланы дүниеге әкеліп, күйеуі наубайшы болып жұмыс істеген. Құжаттамаға байланысты мәселелер оның жұмыс болашағына кедергі келтіріп, ол балаларының ауруына байланысты рұқсатнама мерзімін ұзартқаны үшін айыппұлдарға тап болған кезде қиындады.

Көмек іздеген Хуршида «Қайсар» үкіметтік емес ұйымына жүгінді және ХҚҰ бағдарламасына қосылып, тігін машинасын сатып алу үшін шағын грант иеленді. «Қайсар» қолдауымен 2022 жылы тұруға ықтиярхат алып, қазіргі таңда қазақ жасауы бұйымдарын шығаратын тігін ісімен айналысады.

Оның жұмысы тек отбасын қамтамасыз етіп қана қоймай, оған ұқсас қиындықтарға тап болған басқа мигранттарды қолдауға да мүмкіндік береді. Өмір жолын ой елегінен өткізе отырып, Хуршида БҰҰ-ның өзі сияқты әйелдерге үміт беретін қомақты қолдауын атап өтті.



ТҮПКІ НӘТИЖЕ 3.2

2025 жылға қарай Қазақстанның барлық халқы, атап айтқанда, неғұрлым осал топтар климаттың өзгеруіне төзімділікті арттыру, қоршаған ортаны және таза энергияны тұрақты басқару, сондай-ақ ауылдық және қалалық аудандарды тұрақты дамыту нәтижелерін пайдаланатын болады.



\$4,2 млн сомаға жаңартылатын энергия көздері бойынша жобалар іске қосылды



Жаңартылатын энергия бойынша 19 жоба арқылы **163 500** тонна CO₂ шығарындылары азайды



Жаңартылатын энергия көздері бойынша заңнамалық түзетулерге қолдау көрсетілді



Шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі Алғашқы ұлттық іс-қимыл жоспарына қолдау көрсетілді



Апат қаупін азайту әлеуетін арттыруға бағытталған саяси нұсқаулықтар әзірленді

2024 жылы Қазақстандағы БҰҰ агенттіктері климаттың өзгеруі, биоәртүрліліктің жоғалуы және ластану мәселелері бойынша саясатты қалыптастыруға қолдау көрсетуді жалғастырды. Табиғи ресурстарды басқаруды жетілдіру, таза энергияға қолжетімділікті арттыру, апаттар қаупін азайту және климаттық әрекеттер бойынша әлеуетті күшейту бағытында елеулі нәтижелерге қол жеткізілді. Аталған күш-жігер халықтың өмір сүру сапасына, денсаулығына және төзімділігіне тікелей әсер етіп, әсіресе осал топтар үшін орнықты ресурстарға қол жеткізу, климаттық әрекеттер мен қоршаған ортаны басқару, таза энергия, ауыл мен қаланы дамыту бойынша білім мен дағдыларды арттыру арқылы айтарлықтай оң әсер етті.

Климат саясаты мен басқару күшейді

Қазақстандағы БҰҰ үкіметпен және өзге де серіктестермен бірлесе отырып, экологиялық тұрақтылықты нығайтуды қолдайды. 2024 жылдың маусым айында қабылданған Жасыл экономика тұжырымдамасын жаңартуға үлес қостық. Бұл құжат ұлттық саясатты ТДМ және Париж келісімімен үйлестіруге бағытталған (соның ішінде қалдықтарды басқару, қайта өңдеу және полигондарды жақсарту салаларында). Сонымен қатар Қазақстан Париж келісімі аясындағы өз міндеттемелерін орындап, алғашқы Екіжылдық ашықтық есебін тапсырды және оны Бакуде өткен КС-29 конференциясында БҰҰ қолдауымен таныстырды. Біз Қазақстанға баршаға қолжетімді энергияны қамтамасыз етуге арналған ТДМ7 бойынша Ұлттық жол картасын түбегейлі аяқтап, іске қосуға қолдау көрсеттік. Бұл процесс арнайы жұмыс семинарын өткізу арқылы жүзеге асты. БҰҰ қалалық жоспарлауда климаттық төзімділікті арттыруға техникалық көмек көрсетіп, қаланы тұрақты дамытуды насихаттауға арналған ақпараттық науқан 5000 астам адамды қамтыды.

Жаңартылатын технологияларды қолдану және биоалуантүрлілік артты

БҰҰ жаңартылатын энергия бойынша 19 жобаны (қуаттылығы 11,767 МВт болатын) іске қосып, нәтижесінде атмосфераға 163500 тонна көмірқышқыл газының таралуын болдырмауға мүмкіндік берді. Біздің қолдауымыздың



Түпкі нәтиже 3.2 келесі ұйымдар күшін біріктіреді:



ТДМ міндеттері:



арқасында жаңартылатын энергия жобаларына жеке сектордан 4,2 миллион АҚШ доллары көлемінде инвестиция тартылды. Сонымен қатар шағын жобалардың дамуына кедергі келтіретін тосқауылдарды жою мақсатында 2024 жылы маусым айында қол қойылған жаңартылатын энергия жөніндегі заңнамаға енгізілген өзгерістерге қолдау көрсеттік. Команда ретінде біз Қазақстанның, оның ішінде ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы және метан шығарындыларын азайту бағыттарында 2060 жылға дейін көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясын қолдауды жалғастырып келеміз.

БҰҰ биоалуантүрлілікті сақтау бағытындағы әрекеттерге жетекшілік етіп, Іле-Балқаш мемлекеттік табиғи резерватына екі Тұран жолбарысы мен 43 құланды қайта енгізді. Біз сондай-ақ Іле және Қарабақанас өзендерінің гидрологиялық режимін жақсарту арқылы жайылмалы ормандарды сақтауға күш салдық. Бұдан бөлек, Қазақстанда тұрақты туризм стандарттарын енгізу арқылы туризм саласындағы экологиялық сертификаттауды үйлестірдік.

Табиғи апаттарға даярлық артты

2024 жылы Қазақстан соңғы 80 жылдағы ең жойқын су тасқынына тап болды. Оның салдарынан 119 мың адам зардап шекті, оның ішінде 45 мың бала бар. Қазақстан үкіметі жедел әрі тиімді әрекет етті, ал БҰҰ алғашқы кезеңде зардап шеккен халыққа 1000 гигиеналық жиынтық тарату арқылы шағын көмек көрсетті. Бұл жайт төтенше жағдайлардың алдын алу және тәуекелдерді азайту саясатын одан әрі күшейтудің қажет екенін көрсетті. Осыған байланысты, БҰҰ Қазақстанның табысы орташадан жоғары ел ретіндегі мәртебесін ескере отырып, нақты бағытталған саясаттық қолдауын жалғастырды. Біз ұлттық деңгейде төтенше жағдайларға әрекет ету әлеуетін арттыруға бағытталған саяси нұсқаулық дайындадық және су тасқынына жиі ұшырайтын 10 елді мекенде семинар өткіздік. БҰҰ таңдалған қалалар мен мектептердің маусымдық су тасқынында әрекет ету қабілетін арттыру мақсатында төтенше жағдайларға арналған жабдықтармен қамтамасыз етті. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы саласындағы апаттар бойынша есептілікті жақсарту үшін Залалдар мен шығындарды бағалау әдістемесі әзірленді. БҰҰ Төтенше жағдайлар министрлігімен бірге Сендай шығындар есебі жүйесі бойынша үш сериялы семинар өткізді. Қазір 50-ден астам өңірлік төтенше жағдайлар өкілі мен қалалық билік өкілі апат салдарын бағалау және есепке



алу бағытында жақсы дайындықтан өткен. БҰҰ қалалардың апаттарға төзімділігін бағалау мақсатында Алдын ала бағалау балл картасын пайдаланып, урбанистік орталықтардың дайындық деңгейіне баға берді. Біз гендерлік жауапты төтенше жағдайларға төтеп беру құрылымдарын ілгерілетуді және әйелдерге климаттың әсері туралы ұлттық деректерді жинау жүйесін жақсартуды жалғастырып келеміз.

Табиғи апаттан соң әрекет ету кезінде біз “ешкімді назардан тыс қалдырмау” тәсілін қолдануды қамтамасыз еткеніміз маңызды. Осы мақсатта БҰҰ Алматы қаласындағы мүгедектігі бар адамдардың апаттарға төзімділігін бағалап, төтенше жағдайларды жоспарлауға мүгедектердің қатысуын қамтамасыз ету үшін консультациялар өткізді. Ұсыныстар іске асыру үшін қала әкімдігіне жолданды.

Ауыл шаруашылығының тұрақтылығын күшейту

2024 жылы БҰҰ-ның тұрақты ауыл шаруашылығына басымдық беруі климаттың өзгерісінен туындайтын жағымсыз әсерлерге ден қою үшін саяси негіздер мен мемлекеттік қызметшілердің әлеуетін арттыруға баса назар аударды. Біз Қазақстан тарихында алғаш рет шөлейттенуге қарсы күреске арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын әзірлеуге көмектестік және жердің тозуын бақылауға мүмкіндік беретін алғашқы геопорталдың іске қосылуын қолдадық. Жердің тозуына қарсы күрес аясында біз 20 гектар тозған жайылым аумағында үздік тәжірибелерді көрсететін пилоттық жобаны іске асырдық. Сонымен қатар 73 фермер (34% – әйел) жайылымдарды басқару бойынша оқудан өтті және тұрақты суару технологиялары енгізілді. Жоба аясында Қазақстанның екі өңірінде топырақты тұрақты басқарудың пилоттық үлгісі іске асырылды.

Су ресурстарын басқару тиімділігі артты

2024 жылы Қазақстан ауыз су мен санитария стандарттарын жақсарту мақсатында Су мәселелері және денсаулық туралы хаттамаға қосылу бағытында алғашқы қадамдарын жасады. БҰҰ бұл бағытта Қазақстанға ұлттық деңгейде су, санитария және денсаулық көрсеткіштерін әзірлеуге қолдау көрсетті. Сонымен қатар біз Қазақстандағы мұздық су қорларын өңірлік деңгейде бағалап, климаттың өзгеруінен туындайтын қауіптерді анықтадық. Сырдария мен Нарын өзендерінің бассейндерінде су ресурстарын басқаруды нығайтуға бағытталған жаңа жоба іске қосылды. БҰҰ су саласындағы серіктестердің үйлестіруін күшейтуге көмектесті. Су ресурстары және ирригация министрлігі жанынан Су секторын дамыту жөніндегі серіктестер үйлестіру кеңесі құрылып, оның алғашқы отырысы өтіп, 2024–2030 жылдарға арналған су серіктестігі мәселесі талқыланды.

Ауа сапасы жақсарды

Ауа сапасы – халық денсаулығына тікелей әсер ететін негізгі факторлардың бірі. БҰҰ Қазақстанның ауаны тазартуға бағытталған міндеттемелерін іске асыру үшін қажетті саяси шараларға қолдау көрсетті. БҰҰ Елдік тобы ұлттық парниктік газдар мен ластаушы заттар жөніндегі есептілікті үйлестіру мақсатында Ұлттық ауа сапасы тізілімін әзірлеуді қолдады. Ауа сапасын бақылау жүйелеріне бірлескен шолу әзірлеп, халықтың денсаулығын қорғау бойынша нақты ұсыныстар жасады. Осы жұмыс нәтижесінде Қазақстан бала денсаулығына қатысты ауа ластануының стандарттарын жаңартуға міндеттеме алды. Біздің көмегімізбен мемлекеттік мекемелерде жұмыс істейтін 53 маман халықаралық стандарттарға сай деректерді жинау мен талдау дағдыларын меңгерді. Сондай-ақ Орталық Азия бойынша 98 маман ауа сапасын бақылау мәселелерін талқылау үшін бас қосып, 35 сарапшы ауа сапасын қалалық көлік пен мобильділік жүйелеріне енгізу бойынша оқытылды.

Ветеринария қызметтерінде микробқа қарсы препараттарға төзімділікті алдын алуды қолдау

БҰҰ ветеринарлық мамандардың микробқа қарсы төзімділік бойынша оқыту бағдарламалары арқылы антибиотиктерді жануарлар қорегінде шамадан тыс пайдаланудың алдын алуға үлес қосты (бұл адамдардағы микробқа қарсы төзімділікті алдын алу үшін өте маңызды). Біз ветеринарлық клиникаларда микробқа қарсы тұрақтылыққа мониторинг жүргіздік және екі далалық сараптаманы басқардық. Оған қоса індеттерді ерте анықтау бойынша 40 ветеринарлық маманды оқыту арқылы Қазақстанда зооноздық ауруларға реакция таныту деңгейін жақсарттық.

Әйелдер мен жастардың климатты қорғауға араласуы артты

БҰҰ Қазақстан халқын, әсіресе әйелдер мен жастарды тарта отырып, «төменнен жоғарыға» қағидаты бойынша климат саласындағы іс-қимылдардың тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізіп отыр. Өйткені экология ахуалынан хабардар болу – біздің планетамызға зиян келтірмейтін мінез-құлықты қалыптастырудың негізгі факторы. Мысалы, БҰҰ 6037 мектеп оқушысының «жасыл дағдыларын» дамытуға қолдау көрсетті, бұл жұмысқа арнайы дайындықтан өткен 131 ерікті жас жетекшілік етті. Сонымен қатар КС-29 конференциясы бойынша 100 жас климат белсендісінің әлеуетін арттырдық. Серіктестер желісі мен түрлі іс-шаралар арқылы біз «Әділетті өзгеріс үшін әйелдер желісін» кеңейттік. Бұл бастама гендерлік сезімтал климат саясатын қолдауға және климат тұрақтылығына арналған бағдарламаларда гендерлік жауапты бюджеттеуді ілгерілетуге бағытталды (екі күндік семинар ұйымдастырылды). Сондай-ақ мектеп жасындағы 35 қыз бала STEM салаларында оқытылып, ғылым саласына әйелдердің қатысуын ынталандыруға жағдай жасалды.

Зооноздық аурулар қаупі азайды

Жануарлардан адамға жұғатын зооноздық аурулар – қазір әлемде адам денсаулығына төнген ең негізгі қатердің бірі. БҰҰ бұл қатерді алдын алуға және оларға ден қоюға қолдау көрсетіп, үкіметпен бірлесіп жан-жақты шаралар қабылдады. Атап айтқанда, көпсалалы кадрлар стратегиясын қайта қарауға қолдау көрсетілді және зооноздық ауруларды бақылау мен мониторинг жүргізуге арналған стандартты операциялық рәсімдер әзірленді. Ел бойынша 150-ден астам маманның қатысуымен 5 семинар ұйымдастырылып, олардың індетті алдын алу, төтенше жағдайларды басқару, биологиялық қауіпсіздік және микробқа қарсы төзімділік бойынша біліктілігі арттырылды.



Бал арасындай еңбекқор

Людмила Высоцкая – соңғы төрт жыл бойы Түркістанда 50 ара ұясы бар табысты омарташы. Зейнетке шыққаннан кейін ол ара өсіруге деген көпжылдық қызығушылығын толыққанды кәсібіне айналдырды. 2021 жылы Людмила БҰҰДБ-ның «Эко-Даму» несие бағдарламасына қосылды. Бұл бағдарлама ауылдық жерлердегі экокәсіпкерлерді қолдайды. Осы қолдаудың арқасында ол жоғары сапалы құрал-жабдық пен материалдар сатып алып, өзінің балын өңірдегі бәсекеге қабілетті, 100% органикалық өнімге айналдырды.

Людмила: «Ара шаруашылығын бастағаным – саналы шешім. Жылдар бойы соған дайындалдым. Араларды өз балаларымдай көремін. Әр ұяны танимын – әрқайсысының өз тәртібі мен мінезі бар» дейді.

Оның хикаясы – ауылдық кәсіпкерліктің және тұрақты бизнес үлгілерінің маңыздылығын айғақтайды. Бүгінде 120-дан астам кәсіпкер осы бағдарлама арқылы экология бағытында бизнес жүргізіп отыр.



Ерекше атап өтуге болатын бастама – SDG Ambition Accelerator бағдарламасы. Бұл алты айлық білім беру бағдарламасы 2023 жылғы қазанда іске қосылып, компанияларға ТДМ негізгі бизнес стратегияларына енгізуге көмектеседі. Қазіргі уақытта SDG Ambition Accelerator бағдарламасының екі легі аяқталды. Сонымен қатар бизнес пен адам құқықтары, әрі климат бойынша акселератор бағдарламалары іске асырылды. Бұл бастамаларға Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстаннан 130-дан астам компания мен 400 азамат қатысты. Жалпы алғанда, 120 сағаттан астам мамандандырылған оқыту ұйымдастырылды.

Орталық Азияда тұңғыш рет өткізілген SDG Pioneers байқауы өз компанияларында тұрақты дамуды алға жылжытып жүрген жеке сектор өкілдерін тануға бағытталған. 2024 жылғы 1 шілдеде жарияланған жеңімпаздар – Қазақстанның тұрақты дамуға шынайы бейілдігін білдіретін инновациялық бизнес көшбасшылары.

Соңғы екі жыл ішінде Орталық Азиядағы Жаһандық шартқа қатысушылар саны 7-ден 104-ке дейін өсті. Бұл ТДМ бойынша көпшіліктің хабардар бола түскенін және БҰҰЕТ жүзеге асырып жатқан бағдарламалар арқылы нақты қолдау көрсетілгенін білдіреді.

Халықаралық қаржы институттарымен және талдау орталықтарымен әріптестік

Қазақстандағы БҰҰ Елдік тобы дәстүрлі серіктестермен ғана емес, Халықаралық қаржы институттары (ХҚИ) мен сараптамалық орталықтармен сияқты дәстүрлі емес серіктестермен де тығыз жұмыс істейді. ХҚИ-мен диалог жүргізу – тұрақты қаржыландыру шешімдерін іздеу жолындағы маңызды бағыттардың бірі. БҰҰЕТ саясатты дәлелге негізделе отырып қалыптастыруды, инновацияны дамыту мен әлеуетті арттыру бастамаларын қолдау мақсатында тәуелсіз зерттеу орталықтарымен және аналитикалық орталықтармен бірлесе жұмыс істейді. Бұл бағыттағы мысалдардың бірі – MIND орталығы жетекшілік еткен SDG Acceleration бағдарламасына қолдау көрсету. Ортақ деректер жинау, зерттеу, талдау және насихаттау арқылы бұл серіктестік озық білімді қалыптастыруға және күрделі даму мәселелерін тиімді шешуге бағытталған саясатты әзірлеуге мүмкіндік береді. Түрлі салалар бойынша сараптамалық әлеуетті пайдалана отырып, БҰҰЕТ Қазақстанның ТДМ-ға жетудегі ілгерілеуін жеделдету үшін тиімді және орнықты шешімдер ұсыну қабілетін арттырып келеді.

4.3 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған күн тәртібі бойынша әріптестік және қызметті қаржыландыру

2030 жылға дейінгі күн тәртібінде көрсетілген ТДМ-ға қол жеткізуге деген міндеттемізде серіктестік пен стратегиялық қаржыландыру шешуші рөл атқарады. Бұл бөлімде Қазақстанда ТДМ-ға қол жеткізу жолында БҰҰ-ны ілгерілетуде маңызды рөл атқарған бірлескен күш-жігер мен қаржылық тетіктер қарастырылады.

Көпжақты серіктестіктің нығайды

ТДМ-ға қол жеткізу – үкімет, бизнес, азаматтық қоғам және академиялық орта сияқты барлық мүдделі тараптың бірлескен күш-жігерін талап етеді. Әртүрлі серіктестермен орнатылған ынтымақтастық білім, ресурстар және тәжірибе алмасуға жағдай жасап, күрделі мәселелерге инновациялық шешімдер ұсынуға мүмкіндік берді. 2024 жылы жұмыстың негізгі бағыттары Болашақ саммитіне арналған брифингтер және БҰҰ-ның 2026-2030 жылдарға арналған

Тұрақты даму мақсатында ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасын әзірлеуге дайындық шеңберіндегі консультациялар болды. Бұдан басқа, БҰҰЕТ 2024 жылдың көктемінде Қазақстандағы су тасқыны кезінде негізгі мүдделі тараптармен диалогті қолдады және Ұлттық деңгейде айқындалатын үлестер бойынша техникалық қолдау көрсетті.

Жеке сектордың қатысуы

БҰҰ Жаһандық шарты бастамасы мен БҰҰ Елдік тобының ынтымақтастығы үлгі боларлық деңгейде дамып жатыр. Бұл серіктестік бизнес-стратегияларды ТДМ-мен үйлестіруде ерекше нәтижелер берді. Алматы мен Астанада өткен «Қазақстан бизнесі тұрақты даму үшін» атты дөңгелек үстелдер бизнес көшбасшыларын, үкімет өкілдерін, ҰЕҰ, академия және халықаралық қауымдастықты жинап, ТДМ-ға қол жеткізу барысын және серіктестікті тереңдету жолдарын талқылауға мүмкіндік берді.



UN|20 DAY|24

Азаматтық қоғаммен өзара іс-қимыл

Қазақстанда 23 мыңнан астам азаматтық қоғам ұйымы тіркелген. БҰҰ Елдік тобы азаматтық қоғам ұйымдарының саясат қалыптастыруға, жоспарлауға және ТДМ іске асыруға белсенді қатысуына ерекше көңіл бөледі. БҰҰЕТ азаматтық қоғамды келесі төрт негізгі бағыт бойынша жұмылдырады:

- Стратегиялық жоспарлау бастамаларына қатысу, соның ішінде ТДМЫНБ және Елдік бағдарламалық құжаттар
- Ұлттық және өңірлік мәселелерді шешуге бағытталған саяси серіктестіктер қалыптастыру
- ТДМ-ға қатысты басымдықтарды ілгерілету мақсатындағы ақпараттық жұмыс
- Бағдарламалар мен жобаларды іске асыруға тікелей қатысу

Бұл жан-жақты жұмыс тәсілі азаматтық қоғамның әлеуетін және желісін тиімді пайдалану арқылы нақты және орнықты даму нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған БҰҰ Елдік тобының ұстанымын айғақтайды.

Академиялық серіктестік

Тұрақты дамуды ілгерілетуде академиялық қауымдастықтың маңызды рөлін ескере отырып, БҰҰ Елдік тобы университеттермен тығыз серіктестік орнатты. Соңғы бір жыл барысында университеттерге бағытталған бастамалар ТДМ бойынша зерттеулер мен білім беруді күшейтті. Басты бағыттар қатарында:

- Қазақстан университеттерінде БҰҰ Modelі бағдарламаларының ұйымдастырылуы;
- “Болашақ саммиті”, “Дипломатиядағы әйелдер” және “Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн” секілді науқандар (Maqsut Narikbayev University бірлесіп);
- Тұран университеті, AlmaU және Қазақ-Неміс университетінде ТДМ бойынша ақпараттық сессиялар;
- Satbayev University мен AlmaU-да тұрақты даму орталықтарының құрылуы;
- ЕҰҰ, ҚазҰУ, КИМЕР және Назарбаев университетінде дәрістер өткізу;
- Студенттік топтарды БҰҰ жұмысы мен ТДМ бойынша пікірталас алаңдарына тарту.

БҰҰ және Қазақстандағы жоғары оқу орындары арасында БҰҰ Академиялық ынтымақтастық қозғалысы (UNAI) аясында құрылған белсенді желі бүгінде 30-дан астам жетекші университетті біріктіреді. Бұл алаң жаһандық, өңірлік және ұлттық деңгейлерде БҰҰ басымдықтарын ілгерілетіп, академияның тұрақты даму жолындағы әлеуетін толық пайдалануға мүмкіндік береді.



4.4 БҰҰ-ның неғұрлым ауқымды және тиімді бірлескен жұмысының нәтижелері



Үш бірлескен бағдарлама іске асырылды



Әлеуметтік желілер арқылы 10 миллионға жуық адам қамтылды



2023 жылы ОҚС 2.0 арқасында \$ 545 000 үнемделді

БҰҰ-ның «Іс-қимыл бірлігі» қағидаты бойынша жүйесі

2024 жылы БҰҰ Елдік тобы бірлескен жұмыс жоспарлары негізінде негізгі салалардағы синергия мен ынтымақтастықты анықтау нәтижелері бойынша үш негізгі топ шеңберінде бірлескен жұмысты жалғастырды. Нәтижесінде біз ақпараттық жұмысымызды, саяси қолдауды оңтайландырдық және проблемалар мен нәтижелерді талқыладық. БҰҰ-ның жеке конфигурациясы мен құрылымы саясатқа жан-жақты қолдау көрсетуге (мысалы, көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясы, ұлттық деңгейде анықталатын жарналар және т.б.), операциялық шығындарды азайтуға және БҰҰ мекемелерінің жұмысындағы қайталануды жоюға мүмкіндік береді.

2024 жылы біз Қазақстан үкіметіне саясат мәселелері бойынша неғұрлым кешенді консультациялар беруге мүмкіндік беретін 15 тақырыптық және нысаналы топтың жұмысын жалғастырдық:

- Кеңейтілген гендерлік тақырыптық топ
- Ішкі (БҰҰ жүйесіндегі) гендерлік топ
- Құқық үстемдігі бойынша диалог
- Кедейлікті қысқарту тобы
- АИТВ бойынша БҰҰ бірлескен тобы
- Босқындар жөніндегі ортақ міндеттеме тобы
- Адам құқықтары жөніндегі жұмыс тобы
- Жеке сектор бойынша жұмыс тобы
- Мүгедектігі бар адамдарды белсенді қатыстыру тобы
- Жастар тақырыптық тобы
- Көші-қон бойынша БҰҰ желісі
- Жыныстық қанау мен қудалауды алдын алу жөніндегі топ (PSEA)
- Өндірістік қауіпсіздік және еңбекті қорғау тобы
- Су мәселесі бойынша тақырыптық диалог (Нәтиже 3 тобы аясында)

БҰҰ-ның бірлескен бағдарламалары Елдік топқа үйлестірілген қолдау көрсетуге мүмкіндік берді. Бұл бағдарламалар қатарында:

- Жасыл экономикаға көшу бойынша серіктестік – PAGE (БҰҰДБ, ЮНЕП, ЮНИТАР, ЮНИДО)
- Білім арқылы ауған әйелдерінің экономикалық әлеуетін арттыру (БҰҰДБ, UN БҰҰ-әйелдер)
- Нәтиже мен есептілікке негізделген біріктірілген бюджет елдік қоры 2024–2025 (ЮНЭЙДС, ЮНОДК, ЮНФПА, БҰҰ-әйелдер, ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ, БҰҰДБ)

Бұдан бөлек, БҰҰЕТ ел ішіндегі әлеуметтік осал өңірлер үшін кеңістіктік (аумақтық) жоспарлау тәсілін кеңейту мүмкіндіктерін зерттеуде.



2024 жылы БҰҰ Бірлескен жетістіктері туралы ақпарат тарату

2024 жылы БҰҰ Коммуникациялар тобы 2021-2025 жылдарға арналған Бірлескен коммуникациялық стратегиясына және 2024 жылға арналған жылдық коммуникациялық жоспарға сәйкес өз бастамаларын ілгерілетте түсті. Бірлескен коммуникациялық күш-жігер түрлі мүдделі тараптарды біріктірудің тиімді құралына айналып, дәстүрлі және цифрлық БАҚ-та БҰҰ туралы жарияланымдардың айтарлықтай өсуіне ықпал етті.

“БҰҰ және мен” атты фотокөрме мен медианауқан ерекше жетістікке айналды. Бұл бастама БҰҰ қолдауына ие болған 30 адамның өмірін өзгерткен, жігер мен табандылық танытқан хикаяларын көрсетті. Науқан жергілікті және халықаралық БАҚ-та кеңінен жарияланып, әр адамның оң өзгеріс жасаудағы рөлі жеке таныстырылды.

Жыл бойы басты назар Болашақ саммитіне бағытталды. Осыған орай панельдік пікірталастар, брифингтер мен арнайы әлеуметтік желі науқандары өткізіліп, олардың мақсаты халықты ақпараттандыру мен белсенділікке тарту болды.

Аталған ірі оқиғалардан бөлек, БҰҰ Ядролық қарусыздану күні, Дипломатиядағы әйелдер күні, Бітімгершілер күні, Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы «16 күндік белсенділік» науқаны сияқты халықаралық күндерді кеңінен атап өтті. Қазақстанның түкпір-түкпірінде 30-дан астам іс-шара ұйымдастырылып, жергілікті қауымдастықтар мағыналы диалогтарға тартылды.

БҰҰ Елдік тобы сондай-ақ Дүниежүзілік көшпенділер ойындары сияқты маңызды жергілікті оқиғаларға қатысты. Екі БҰҰ агенттігі арнайы стендтер қойып, таныстырылым жұмыстарын жүргізді. 2024 жылғы БҰҰ күні ерекше сәтке айналды. Мереке Қазақстанның бай тарихи-мәдени мұрасына арналып, Жастар театры орындауында «Жібек» мюзиклімен сахнада таныстырылды.



БҰҰ Жаһандық шарты әртүрлі іс-шараларына, соның ішінде ТДМ ізашарларын марапаттауға және Азия-Тынық мұхиты министрлерінің цифрлық инклюзия конференциясына коммуникациялық қолдау көрсетілді, бұл тұрақты даму саласындағы жаһандық күш-жігерді тұрақты қолдау көрсетілетінін айқындайды.

2024 жылы БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш пен БҰҰ Бас Хатшысының қарусыздану жөніндегі орынбасары Изуми Накамицуды қоса алғанда, БҰҰ-ның жоғары лауазымды басшыларының сапарларына кең коммуникациялық қолдау көрсетілді, бұл көпжақты қатынастар мен жаһандық ынтымақтастықтың тұрақты маңыздылығын көрсетеді.

Биылғы коммуникациялық стратегия заманауи жасанды интеллект құралдарын пайдалану арқылы жылдам әрі тартымды визуалды контент жасауға мүмкіндік берді. Бұл технологиялық жаңалық БҰҰ-ның жаһандық және жергілікті аудиториямен өзара іс-қимылын жаңа деңгейге көтеріп, инновация мен заманауи цифрлық шешімдерге бейілділігін дәлелдеді.

Бірлескен жұмыс тиімділігі артты

БҰҰЕТ 2024 жылы қайталануды жою, Ұжымдық келіссөздер жүргізу тетігін нығайту және ауқым тиімділігінен барынша пайда алу есебінен бірлескен операциялық қызметті жақсартуға бағытталған БҰҰ-ның Операциялық қызметінің стратегиясын (ОҚС) іске асыруды жалғастырды. Жыл сайынғы ОҚС 2.0 шолуы аясында БҰҰ Операцияларды басқару тобы (ОБТ) тиімділік пен рентабельділікті арттыру, процедураларды, жоғары әсер ету/күрделілігі төмен іс-шараларды жеңілдету және үйлестіру, сондай-ақ жалпы ұйымдастырушылық мақсаттарға жету үшін операциялық процедуралардан тыс басымдықтарды анықтады. ОҚС шолуы 2023 жылы шамамен 545 000 АҚШ доллары үнемделгенін растады, ал 2019-2023 жылдары үнемделген жалпы сома – 2,4 миллион АҚШ доллар құрады.



арттырып, үкіметпен және даму жөніндегі негізгі әріптестермен өзара толықтыруға және үйлестіруге ықпал етті деген қорытындыға келді. Ұлттық басымдықтармен келісе отырып, ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасы БҰҰ-ның іс-шаралары үкіметтің стратегияларын толықтыруды, қайталануды болдырмауды және маңызды олқылықтарды жоюды көздейді. Мұндай келісім әртүрлі мүдделі тараптар, соның ішінде азаматтық қоғам, жеке сектор, парламент, ғылыми орта және халықаралық даму серіктестерімен тиімді серіктестікке ықпал етеді. Тұрақты консультациялар мен бірлескен жоспарлауды қамтитын ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасының үйлестіру тетіктері ақпарат алмасуды, ресурстарды жұмылдыруды және ұжымдық шешім қабылдауды жақсартады, бұл дамудың тиімдірек және тұрақты нәтижелеріне әкеледі.

Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасының болашақ шеңберінде БҰҰ-ның ТДМЫНБ-ны басқару мен іске асырудың барлық құрылымының ұлттық құрылымдармен байланысын нығайту және жүйелеу ұсынылды. Бағалау мамандары серіктестердің қызметін үйлестіруді күшейтуді және жеке сектормен, әсіресе жаһандық шарт сияқты бастамалар аясында белсенді өзара әрекеттесуді ұсынды.

Тиімділік: Бағалау нәтижелері БҰҰ мекемелері БҰҰ ТДМЫНБ нәтижелеріне қол жеткізуге айтарлықтай тиімді ықпал еткенін көрсетеді. БҰҰ ТДМЫНБ көрсеткіштер жүйесін талдау нәтижелер деңгейінде де, іс-шаралар деңгейінде де нәтижелерге қол жеткізудің лайықты деңгейін анықтады, бұл іске асыру стратегияларының сәтті болғанын және мүдделі тараптардың тиімді ынтымақтастығын көрсетеді. БҰҰ ТДМЫНБ негіздемелік көрсеткіштерін бағалау жоғары көрсеткіштерді көрсетеді, бұл ретте көрсеткіштердің 70% астамы іске асыру кезеңінің соңына дейін қол жеткізілуі мүмкін. Алайда қаржыландырудың жеткіліксіздігі, шектеулі ұлттық әлеует, ережелерді сақтамау және халықтың аз хабардар болуы сияқты мәселелер кейбір салалардағы прогреске кедергі келтіреді.

Келешекте процесті, әсіресе елеулі артта қалу байқалатын салаларда, сондай-ақ ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасын әзірлеу мен іске асыруға сектораралық мәселелерді/бағдарламалық қағидаттарды одан әрі енгізуді ойластыру және жеделдету ұсынылды. Сондай-ақ БҰҰ-ның азаматтық қоғаммен және халықтың осал топтарымен жұмысын талдап, оларды ынтымақтастықтың келесі негіздемелік бағдарламасын әзірлеу кезінде ескеру қажет екені айтылды.

4.5 Бағалау мен түйген қорытындылар

БҰҰЕТ 2024 жылғы Тұрақты даму саласындағы ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасына (ТДМЫНБ) бағалау жүргізіп, бірқатар тұжырым мен ұсыныстар жасап, келесі бағалау өлшемдерін көрсетті:

Сәйкестік пен икемділік: 2021-2025 жылдарға арналған Тұрақты даму саласындағы ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасы бағалауы БҰҰ-ның Қазақстандағы жұмысы елдің қажеттіліктері мен басымдықтарына жоғары дәрежеде сәйкес келетінін көрсетті. Бұл Қазақстанның табысы орташадан жоғары елдер санатында ерекшеліктерін ескере отырып, нақты артықшылықтары мен қиындықтарын бейнелейді. Қазақстан көпжақты ынтымақтастықты жоғары бағалайды және БҰҰ-ны маңызды серіктес ретінде көреді. ТДМЫНБ және БҰҰ жұмысы «Қазақстан-2050» стратегиясымен, 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарларымен және басқа да стратегиялық құжаттармен үйлесімді. БҰҰ COVID-19 пандемиясы, 2022 жылғы қаңтар оқиғалары

және Украинадағы соғыс сияқты құбылмалы жағдайларға тез бейімделіп, жедел әрекет ете білді.

Болашақта ТДМЫНБ Қазақстанның табысы орташадан жоғары ел ретіндегі ерекшелігі мен БҰҰ-ның қосар үлесін нақты сипаттауға тиіс. Сондай-ақ i) нормативтік жұмыс және халықаралық стандарттар ii) саяси кеңес пен әлеуетті арттыру iii) білім мен сараптамалық қолдау iv) ұлттық әріптестер тарапынан жоғары бағаланып, тиімділігі дәлелденген үздік тәжірибе алмасу және желілік байланысты ілгерілету сияқты бағыттарға ерекше назар аудару ұсынылды. Сонымен қатар ТДМЫНБ ұлттық жоспарлау құжаттарымен және халықаралық міндеттемелермен ары қарай сәйкестендіріліп отыруға тиіс.

Келісім мен өзара үйлестіру: Бағалау нәтижесінде ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасы БҰҰ-ның Қазақстандағы іс-шараларының келісімділігі мен әсерін едәуір



Нәтижеге бағытталу: Бағалау бағдарламаны бірлесіп жүзеге асыру тиімділігінің артқанын атап өтті. Мысалы, мониторинг жүйесі ұлттық және агенттік деңгейдегі көрсеткіштермен жақсырақ үйлестіріліп, бағалаудың үйлесімділігі мен тиімділігі жақсарған. Үш негізгі Нәтиже тобы өз жұмысын оңтайландырды. Ресурстарды басқару, әсіресе қаржыландыру тапшылығы жағдайында, басты назарда болды. Қазіргі уақытта қажетті қаржының шамамен 63,1% игерілген, бұл Негіздемелік бағдарлама іске асырылып жатқан үш жылдық кезең ішіндегі күтілген көрсеткіштерге сай келеді.

Әрі қарай бағалау күш-жігерді оңтайландыруды және негізгі қызметкерлердің қатысуын қамтамасыз етуді, нәтижелері бойынша топтардың бірлескен отырыстарын өткізуді жалғастыруды ұсынды. Оларға басым және жаңа мәселелерді неғұрлым ашық және болашаққа бағытталған талқылауды қосқан жөн екені айтылды. Осы бірлескен отырыстар шеңберінде сектораралық ынтымақтастық пен өзара үйлесімділікке жәрдемдескен дұрыс екені атап өтілді. Маңыздысы, құжатта индикаторлар санын азайту арқылы индикаторлар жүйесін жеңілдетіп, оларды мақсатты ете түсу керегі айтылған. Сондай-ақ бірлескен және инновациялық қаржыландыруды пайдалану, интеграцияланған ұлттық қаржыландыру жүйесін ілгерілету ұсынылды.

Тұрақтылық және ықпал етуді мақсат ету: Баяндамада БҰҰ қызметінің тұрақтылығын қамтамасыз етудегі ілгерілегені атап өтілді. Бұл ретте талаптардың сақталуы олардың нақты іске асуына және тұрақты әсеріне әкелетінін қамтамасыз етуде қиындықтар анықталды. Бұл мониторинг пен мәжбүрлеп орындау

тетіктерін жалғастыру қажеттігін көрсетеді. Есепте БҰҰ бағдарламаларының икемділігі мен бейімделгіштігі, сондай-ақ өзгермелі алғышарттарды ескере отырып, тәуекелдерді белсенді басқару қажеттілігі көрсетілген.

ТДМЫНБ болашақ шеңбері үшін жүйелі өзгерістер мен құқық қолдану тетіктері үшін саяси ерік-жігерді пайдалану, ұлттық институттар мен жергілікті серіктестердің әлеуетін арттыруға инвестиция салу, сондай-ақ экологиялық тұрақтылыққа назар аудару ұсынылады. Сонымен қатар баяндамада инклюзивті дамуға басымдық беру, сондай-ақ тәуекелдерді белсенді басқаруға, бағдарламалардың икемділігі мен бейімделуіне ықпал ету ұсынылады.

БҰҰ Елдік тобы қазірдің өзінде көптеген ұсынысты жүзеге асырды, соның ішінде алдағы ынтымақтастық шеңберіндегі нәтижелер құрылымын оңтайландыру, нәтижелерді қадағалау жүйесін жеңілдету, сондай-ақ елдегі ТДМ құрылымы шеңберіндегі серіктестіктерді нығайту (мысалы, Экономикалық зерттеулер институтымен). БҰҰ-ның ТДМЫНБ жобасында 2026-2030 жылдарға арналған БҰҰ-ның Қазақстанға табысы орташадан жоғары ел ретінде қатысуының қосылған құны мен ерекшелігі нақты айқындалған. Біз жұмысымыздың тиімділігіне талдау жасап, қол жеткізу екіталай болып көрінетін бағыттарға көбірек назар аудардық (ағымдағы ТДМЫНБ 3 Нәтижесі шеңберінде). Бұл сонымен қатар экономика және экология бойынша екі нәтижені жеке бағыттар мен күтілетін нәтижелерге бөлуге алып келді. Бұл бізге БҰҰ ТДМЫНБ келесі циклінде қарқынды жұмыс атқаруға мүмкіндік береді.

4.6 Қаржылық шолу мен ресурстарды жұмылдыру

4.6.1 Қаржылық шолу

ГРАФИК 1. 2024 жылы қажетті, қолжетімді ресурстар және шығындар





ГРАФИК 2. Қазақстандағы игеру көрсеткіші

Қолжетімді ресурстармен салыстырғандағы шығындар көлемі.



2024 жылғы шығындар туралы деректер 2025 жылдың сәуірінен кейін жарияланады.

ГРАФИК 3. Нәтиже бағыттары бойынша шығындар (миллион АҚШ доллары)





ГРАФИК 4. Қазақстандағы ТДМ бойынша БҰҰ қаржыландыру тапшылығы


Бұл диаграмма 2024 жылы ең үлкен қаржыландыру тапшылығы байқалған алғашқы 5 ТДМ-ды көрсетеді. Қаржыландыру тапшылығы әрбір мақсат үшін қажетті және қолжетімді ресурстар арасындағы айырмашылық негізінде есептеліп, жалпы қажетті қаржының пайыздық үлесі ретінде көрсетілген.



Қаржыландыру тапшылығы ең жоғары 5 ТДМ (қажетті қаржыландырудың пайыздық көрсеткіші бойынша)



ГРАФИК 5. 2024 жылғы жалпы шығындар көлеміндегі ТДМ бойынша қаржыландырудың пайыздық үлесі



- ТДМ 1: Кедейлікті жою
- ТДМ 1: Аштықты жою
- ТДМ 3: Жақсы денсаулық және амандық
- ТДМ 4: Сапалы білім
- ТДМ 5: Гендерлік теңдік
- ТДМ 6: Таза су және санитария
- ТДМ 7: Арзан және таза энергия
- ТДМ 8: Лайықты жұмыс және экономикалық өсу
- ТДМ 9: Индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым
- ТДМ 10: Теңсіздікті азайту
- ТДМ 11: Тұрақты қалалар мен елді мекендер
- ТДМ 12: Жауапты тұтыну және өндіріс
- ТДМ 13: Климаттың өзгеруімен күрес
- ТДМ 14: Теңіз экожүйелерін сақтау
- ТДМ 15: Құрлық экожүйелерін сақтау
- ТДМ 16: Бейбітшілік, сот төрелігі және тиімді институттар
- ТДМ 17: Тұрақты даму мүддесіндегі серіктестік

ГРАФИК 6. 2024 жылы БҰҰ агенттіктері бойынша шығындар көлемі





ГРАФИК 7. Тұрақты даму мақсаттарын ілгерілету үшін БҰҰ инвестицияларды тиімді пайдалану


Бұл кескіндеме БҰҰ-ның қаржыландыруы әртүрлі агенттіктер мен серіктестердің ТДМ қол жеткізу бағытындағы жұмысына қалай үлес қосып жатқанын көрсетеді. Сызықтардың ені – бөлінген ресурстардың салыстырмалы көлемін білдіреді. Диаграмманың сол жағында ең ірі 20 донор көрсетілген. Кейбір серіктестер мен агенттіктер диаграммада деректерді визуализациялау шектеулеріне байланысты көрсетілмеген.



4.6.2 Ресурстарды жұмылдыру және қаржыландыру сапасы

2024 жылы БҰҰ қолжетімді 44,1 миллион АҚШ доллар көлеміндегі ресурстың 88%-ын игерді. Жалпы игерілген қаражат 38,96 миллион АҚШ долларын құрады, оның ішінде 25,4%-ы негізгі қаржыландыруға, ал 74,6%-ы қосымша қаржыландыруға тиесілі болды. Қосымша қаржыландырудың негізгі бөлігі басқа көздерден жұмылдырылды, соның ішінде: Қазақстан Республикасы Үкіметі – 23,62%, Пандемиялар қоры – 16,37%, АҚШ Үкіметі – 16,09%, Жаһандық экологиялық қор – 14,69%, және Еуропалық Одақ – 11,04%.

ГРАФИК 8. 2024 жылғы негізгі және қосымша ресурстардың бөлінісі



Кесте 1. Негізгі емес донорлардың қаржылық үлесі (\$)

Қаржылай қолдау көрсеткен серіктес	2024 жылы қолжетімді ресурстар (\$)	2024 жылы шығындар(\$)	2024 жылы қосымша шығындар үлесі (%)	2024 жылы жалпы шығындар үлесі (негізгі және қосымша) (%)
Қазақстан Үкіметі	7,688,635	6,866,486	23.62	17.62
Пандемия қоры	4,758,896	4,758,896	16.37	12.21
АҚШ Үкіметі	5,594,677	4,679,042	16.09	12.01
Жаһандық экологиялық қор	5,174,241	4,270,993	14.69	10.96
Еуропалық одақ	3,248,033	3,210,810	11.04	8.24
Жапония Үкіметі	1,416,907	1,398,623	4.81	3.59
Жаһандық экологиялық қор – шағын гранттар бағдарламасы	1,045,897	1,026,364	3.53	2.63
Дүниежүзілік банк	500,000	500,000	1.72	1.28
Ұлыбританияның Сыртқы істер, достастық және даму министрлігі	380,000	380,000	1.31	0.98

Қаржылай қолдау көрсеткен серіктес	2024 жылы қолжетімді ресурстар (\$)	2024 жылы шығындар(\$)	2024 жылы қосымша шығындар үлесі (%)	2024 жылы жалпы шығындар үлесі (негізгі және қосымша) (%)
Корея Республикасы Үкіметі	382,000	368,675	1.27	0.95
Адаптация қоры	491,208	272,609	0.94	0.7
Швейцария даму және ынтымақтастық агенттігі	393,847	267,485	0.92	0.69
Италия Үкіметі	200,000	174,307	0.6	0.45
Канаданың азаматтық және иммиграция министрлігі	607,389	162,367	0.56	0.42
Жеке сектор	162,540	150,114	0.52	0.39
Жасыл климат қоры	671,668	135,954	0.47	0.35
АИТВ/ЖИТС, туберкулез және безгекке қарсы жаһандық қор	98,260	97,744	0.34	0.25
Мәдени мұраға арналған төтенше көмек қоры	112,000	95,000	0.32	0.24
Соса Cola қоры	93,454	89,614	0.3	0.23
Азия даму банкі	41,556	38,118	0.13	0.1
Норвегия Сыртқы істер министрлігі	37,500	37,500	0.13	0.1
Ресей Үкіметі	33,650	33,008	0.11	0.08
Корея Білім министрлігі	26,000	26,000	0.09	0.07
Франция Үкіметі	20,286	20,282	0.07	0.05
Түркия Ауыл шаруашылығы және орман министрлігі	11,841	11,841	0.04	0.03
Еуразия қоры	4,000	4,000	0.01	0.01
Біріккен Ұлттар Ұйымының Бейбітшілік және даму қоры	99,167	—	0	0
"Өрлеу" біліктілікті арттыру орталығы	14,891	—	0	0
Жалпы	33,308,543	29,075,832	100	74.63

Кесте 2. БҰҰ-ға мүше мемлекеттер бөлген негізгі ресурстардың қаржылық үлесі (\$)

БҰҰ құрылымы	Қолжетімді ресурстар(\$)	Шығындар (\$)	2024 жылы негізгі шығындар үлесі(%)	2024 жылы жалпы шығындар үлесі (негізгі және қосымша) (%)
ЮНИСЕФ	2,809,542	2,692,828	27.24	6.91
БҰҰДБ	1,704,307	1,421,306	14.38	3.65
ДДСҰ	1,196,074	1,189,666	12.04	3.05
БҰҰ БЖКБ	1,059,567	1,059,567	10.72	2.72
ФАО	886,039	826,039	8.36	2.12
ЮНФПА	794,200	793,400	8.03	2.04
БҰҰ-әйелдер	570,840	570,840	5.78	1.47
ХКҰ	609,144	565,144	5.72	1.45
ЮНЭЙДС	280,286	275,686	2.79	0.71
ЮНЕСКО	167,879	144,629	1.46	0.37
ЮНЕП	246,002	138,098	1.4	0.35
БҰҰ АҚЖКБ	105,248	105,248	1.06	0.26
БҰҰ ЕЭК	94,900	79,900	0.81	0.21
ХЭО	67,000	22,000	0.21	0.06
БҰҰ Хабитат	215,366	-	0	0
АТМЭЭК	30,933	-	0	0
Жалпы	10,837,327	9,884,351	100	25.37


Үкімет БҰҰ-ның ең ірі доноры болып қала берсе де, табысы орташадан жоғары ел мәртебесімен үйлесуі, негізгі ресурстардың қысқаруы және мемлекеттік шығыстардың бөлінуіндегі тұрақсыздық инновациялар мен ресурстар портфелін әртараптандырудың маңыздылығын арттырды. БҰҰ да, Үкімет те ағымдағы стратегиялық шеңберлерді, оның ішінде ТДМ мен 2030 жылға дейінгі Күн тәртібінің басымдықтарын іске асыру үшін ресурстар мен әріптестер көздерін, әсіресе жеке сектор есебінен әртараптандыру қажеттілігін атап көрсетеді, бұл талаптар Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасында белгіленген.

Өзгеріп жатқан жаһандық даму жағдайларына және елдегі ерекше ахуалға сай болу үшін БҰҰ Елдік тобы қолданыстағы және жаңа ынтымақтастық түрлерін анықтау бойынша күш-жігерін жалғастырды. Бұл келесі бағыттарды қамтыды:

- Қазақстан Үкіметімен шығындарды бөлу мен әріптестікке негізделген бірлескен бастамаларды іске асыру;
- Қазақстандағы дәстүрлі донорлармен екіжақты және көпжақты деңгейде ынтымақтастық орнату;
- Халықаралық қаржы институттарының әлеуетті қатысуын зерттеу;
- Жеке сектормен ынтымақтастық пен әріптестікті кеңейту мүмкіндіктерін қарастыру;
- Ақпарат ұсыну, ынталандыру және құралдар арқылы дәстүрлі емес әріптестермен ынтымақтастық орнату жолдарын іздестіру.



5 2025 ЖЫЛҒА БҰҰ НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАРЫ



2025 жыл — ағымдағы БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттары жөніндегі ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасының қорытынды жылы. Осы кезеңде БҰҰ Қазақстан Үкіметімен және өзге де серіктестермен бірлесе отырып, елімізде ТДМ-ға қол жеткізуді жеделдетуге бағытталған жаңа, ауқымды ынтымақтастық негіздемесін әзірлеу және оған қол қою үрдісін бастайды. 2025 жылғы наурыз айындағы жағдай

бойынша Үкіметпен басымдықтар келісіліп, бастапқы мәтін дайындалып, құрылымын анықтау жұмысы аяқталып, қаржыландыру негіздемесінің жобасы әзірленді. Жаңа негіздемелік бағдарлама алдыңғы құжатқа сүйене отырып, табысы орташадан жоғары елдер жағдайына бейімделген, ықшам әрі нақты нәтижелерге бағдарланған құрылымды ұсынады.

Жаңа Негіздемелік бағдарлама кезеңіндегі (2026–2030 жж.) төрт түпкі нәтиже:

Түпкі нәтиже 1. Құқықтары қорғалған халық және сенімді институттар. 2030 жылға қарай Қазақстандағы барлық адамдар, әсіресе осал топтар, әл-ауқаты жақсарып, жасы мен жынысына сәйкес бейімделген, цифрландырылған және адамға бағдарланған мемлекеттік және жекеменшік қызметтерге тең қол жеткізеді. Бұл қызметтер инклюзивті, тиімді және есеп беретін институттар арқылы көрсетіледі.

Түпкі нәтиже 2. Төзімді және инклюзивті экономика. 2030 жылға қарай Қазақстандағы барлық адамдар, әсіресе осал топтар, лайықты еңбекпен қамтуды, өнімділікті және кәсіпкерлікті ілгерілететін, тұрақты, құқықтарға негізделген, гендерлік-сезімтал, әртараптандырылған және инновациялық экономикалық дамудан пайда көреді.

Түпкі нәтиже 3. Қоршаған орта тұрақтылығы. 2030 жылға қарай Қазақстан халқы, әсіресе осал топтар, жасы мен жынысына сәйкес экологиялық төзімділіктің артуынан, сондай-ақ климат, табиғатты сақтау және ластануға қарсы әрекеттердің құқыққа негізделген және инклюзивті тәсілінен және табиғи ресурстарды тұрақты басқарудан пайда көреді.

Түпкі нәтиже 4. Әлеуметтік бірліктің нығаюы. 2030 жылға қарай Қазақстандағы барлық адамдар, әсіресе осал топтар, халықаралық адам құқықтары стандарттарына сәйкес әділ сот төрелігіне және заң үстемдігіне тең қол жеткізеді, сондай-ақ шешім қабылдау процесіне инклюзивті, мәнді және гендерлік теңгерімді қатысу, азаматтық белсенділік нығаяды.

Біз өзіміздің саясаттық кеңес беру қызметімізді жалғастырамыз, бұл ретте Қазақстан Президентінің соңғы мәлімдемелерін және Үкіметтің жоспарлау құжаттарын ескере отырып, ұлттық басымдықтармен үндесіп жұмыс істейміз. Атап айтқанда, біз парниктік газдар шығарындыларын қысқарту және басқа да мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған ең жоғары деңгейдегі ұмтылысты айқындайтын Үшінші ұлттық анықталған үлес құжатын әзірлеу процесін қолдаймыз. БҰҰ “ешкімді назардан тыс қалдырмау”, адам құқықтарын сақтау, кемсітуді жою, әлеуметтік қолдаудың тиімділігі, экономиканың әртараптандырылуы және экологиялық шешімдерге көшуге бағытталған саясатты қолдауды жалғастырады. Біз өнеркәсіпті декарбонизациялауға бағытталған шешімдерді енгізу мен ілгерілету, сондай-ақ шағын және орта кәсіпкерлікті, цифрлық және «жасыл» инновацияларды дамыту, денсаулық сақтау мен білім беру жүйесін жақсарту, кедейлік пен оқшаулануға тап болған азаматтардың дағдыларын, әлеуетін және мүмкіндіктерін кеңейту арқылы кәсіпкерлікті нығайту жұмыстарын жалғастырамыз.

БҰҰ Қазақстан үшін Ерікті ұлттық шолу шеңберінде сенімді серіктес бола отырып, есепті дайындау процесінің инклюзивтілігі мен тиімділігін қамтамасыз ету үшін Үкіметпен тығыз жұмыс жүргізуді жалғастырады. Біз сондай-ақ, жаһандық мәселелер мен шешімдерді талқылауға әртүрлі мүдделі тараптарды тартатын алаң ретінде Астана халықаралық форумын қолдауды жалғастырамыз. Біз Тұрақты даму үшін қаржыландыру диалогты күшейтіп, Қазақстандағы серіктестер арасында қаржыландыру пактісіне қатысты талқылауларды жандандыруға ықпал етеміз — бұл жаһандық сын-қатерлер жағдайында сапалы өзгерістерге жол ашатын өзекті әрі уақытылы талқылау болмақ. Сонымен қатар біз Қазақстанның әйелдер құқықтарын ілгерілетудің ең озық бағдарламасы болып саналатын Бейжің декларациясы мен іс-қимыл платформасын қайта қарау және іске асыру үрдісіне қатысуын қолдаймыз.

Адам құқықтарын қорғау және гендерлік теңдік мәселелері БҰҰ-ның Қазақстандағы жұмысындағы негізгі басым бағыттар қатарында



қала береді. БҰҰ Үкіметке халықаралық адам құқықтары саласындағы өз міндеттемелерін орындауға қолдау көрсетіп, осы бағыттағы қолдау қызметін жалғастырады. Сондай-ақ шарттық органдар мен өзге де адам құқықтары тетіктері шеңберіндегі міндеттемелерді орындау мақсатында мемлекеттік органдар мен Адам құқықтары жөніндегі ұлттық мекеменің институционалдық әлеуетін күшейтуге жәрдемдеседі. Гендерлік теңсіздікті жою бағытындағы ұстанымын сақтай отырып, БҰҰ әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге, олардың саяси өмірге белсенді қатысуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ гендерлік зорлық-зомбылықты алдын алу мен оған қарсы шараларды күшейтуге күш салады. Сонымен қатар Қазақстан Үкіметіне 2025 жылғы қаңтарда өткен Әмбебап кезеңдік шолу нәтижелері бойынша қабылданған ұсынымдарды іске асыруға қолдау көрсетіледі. Қазақстандағы БҰҰ жүйесінің құрылымы қойылған міндеттерге сәйкес келеді.

БҰҰ Елдік тобы резидент және резидент емес агенттіктерден, қорлар мен бағдарламалардан, сондай-ақ өңірлік комиссиялардан тұрады. Ұлттық және халықаралық сарапшылардың кең ауқымды сараптамалық әлеуетіне сүйене отырып, Елдік топ әртүрлі тақырыптық бағыттарда жұмыс істейді. 2024 жылы резидент емес агенттіктердің Қазақстандағы қызметін жандандыруға бағытталған жұмыстар жалғасады. 2025 жылы БҰҰ-ның 80 жылдығы атап өтіледі. Бұл – жаһандық даму сын-қатерлері мен олардың шешімдерін талқылауға, сондай-ақ тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудегі жаһандық міндеттемелерді жаңартуға арналған маңызды алаң болмақ.

2025 жылы ресурстарды жұмылдыру жұмысы жалғасады. Бұл ретте стратегиялық мүмкіндіктерді барынша пайдалана отырып, сараптамалық әлеует пен серіктестікті арттыруға, сондай-ақ екіжақты серіктестермен, жеке сектормен және ортақ қаржыландыру тетіктерімен өзара іс-қимылды кеңейтуге ерекше назар аударылады.

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН АББРЕВИАТУРАЛАР ТІЗІМІ


CO2	Көміртегінің қос тотығы
COVID-19	Коронавирустық инфекция
DAFI	Альберт Эйнштейннің босқындар жөніндегі неміс академиялық бастамасы
ERI	Экономикалық зерттеулер институты
ESG	Қоршаған орта, әлеуметтік жауапкершілік, корпоративтік басқару
EU CBAM	Еуропалық Одақтың трансшекаралық көміртек реттеу тетігі
GRF	Босқындар жөніндегі жаһандық форум
LNOB	«Ешкімді назардан тыс қалдырмау» қағидаты
PAGE	Жасыл экономика мүддесіндегі іс-әрекеттер үшін серіктестік
PSEA	Жыныстық қанау мен қорлауды алдын алу
STEM	Жаратылыстану ғылымдары, технология, инженерия және математика
WEPS	Әйелдер мүмкіндіктерін кеңейту қағидалары
АДИ	Адам дамуының индексі
АИТВ	Адамның иммун тапшылығы вирусы
АКТ	Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар
АҚЖКБ	БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы комиссары Басқармасы
АҚҰ	Азаматтық қоғам ұйымдары
АПВ	Адам папиллома вирусы
АТ	Ақпараттық технологиялар
АТМЭЭК	БҰҰ-ның Азия мен Тынық мұхитына арналған экономикалық және әлеуметтік комиссиясы
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
БҰҰ АҚАБ	БҰҰ Апаттар қаупін азайту басқармасы
БҰҰ БЖКБ	БҰҰ-ның босқындар істері жөніндегі Жоғарғы комиссары
БҰҰ ЕҚБ	Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткі және қылмыс басқармасы

БҰҰ ЕЭК	Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық экономикалық комиссиясы
БҰҰ КҚД	БҰҰ Күзет және қауіпсіздік мәселелері жөніндегі департаменті
БҰҰ ТҮК	БҰҰ Тұрақты үйлестіруші кеңсесі
БҰҰАЖМ	БҰҰ-ның Ауғанстанға жәрдемдесу миссиясы
БҰҰДБ	БҰҰ Даму бағдарламасы
БҰҰЕ	БҰҰ Еріктілер Бағдарламасы
БҰҰЕТ	Біріккен Ұлттар Ұйымының Елдік тобы
БҰҰ-әйелдер	БҰҰ-ның гендерлік теңдік және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту жөніндегі құрылымы
БҰҰКТ	БҰҰ коммуникациялар жөніндегі тобы
БҰҰ-Хабитат	БҰҰ-ның елді мекендер бағдарламасы
ГЗ	Гендерлік зорлық-зомбылық
ГТӘМК	Гендерлік теңдік және әйелдер мүмкіндіктерін кеңейту
ДАМУ	Кәсіпкерлікті дамытудың мемлекеттік қоры
ДГҚ	БҰҰ Жаһандық коммуникациялар департаменті
ДДСҰ	Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы
ЕҚЫҰ	Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы
ЕО	Еуропалық одақ
ЖГЗ	Жыныстық және гендерлік зорлық-зомбылық
ЖЕТ	Біріккен Ұлттар Ұйымының жалпы елдік талдауы
ЖИТС	Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромы
ЖІӨ	Жалпы ішкі өнім
ЖРД	Жыныстық және репродуктивті денсаулық
ЖЭҚ	Жаһандық экологиялық қор
КС-29	БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясы тараптарының 29-ші конференциясы
КСҚ	Көпжақты сенім қоры
МШОБ	Микро, шағын және орта бизнес
ОААДӨО	Орталық Азия үшін БҰҰ-ның алдын алу дипломатиясы жөніндегі өңірлік орталығы
ОБТ	БҰҰ Операцияларын басқару тобы
ОҚС	БҰҰ Операциялық қызметінің стратегиясы
ПГ	Парниктік газдар
ТДМ	Тұрақты даму мақсаттары
ТДМЫНБ	БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсатында ынтымақтастық жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған негіздемелік бағдарламасы

ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ҮЕҰ	Үкіметтік емес ұйым
ҰДАС	Ұлттық деңгейде айқындалатын салымдар
ФАО	БҰҰ Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымы
ХЕҰ	Халықаралық еңбек ұйымы
ХКҰ	Халықаралық көші-қон ұйымы
ХҚИ	Халықаралық қаржы институттары
ХСО	Халықаралық сауда орталығы
ХЭО	Халықаралық электрбайланыс одағы
ШОК	Шағын және орта кәсіпорындар
ЮНЕП	БҰҰ Қоршаған ортаны қорғау бағдарламасы
ЮНЕСКО	Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі БҰҰ мекемесі
ЮНИДО	БҰҰ Өнеркәсіптік даму жөніндегі мекемесі
ЮНИСЕФ	БҰҰ Балалар қоры
ЮНКТАД	БҰҰ-ның Сауда және даму конференциясы
ЮНОПС	БҰҰ-ның жобаларға қызмет көрсету басқармасы
ЮНФПА	БҰҰ Халық қоныстану қоры
ЮНЭЙДС	БҰҰ АИТВ/ЖИТС бойынша біріккен бағдарламасы

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАР

Фото: © БҰҰ Қазақстан; © ФАО Қазақстан;
© БҰҰДБ Қазақстан; © ЮНЕСКО Қазақстан;
© ЮНФПА Қазақстан; © ЮНИСЕФ Қазақстан;
© БҰҰ-әйелдер Қазақстан; © ДДСҰ Қазақстан;
© Эльнара Байназарова





UNITED NATIONS KAZAKHSTAN

.....

Қазақстан Республикасындағы
БҰҰ Тұрақты үйлестірушісі кеңсесі

Мекенжайы: Ә. Мәмбетов к-сі 14,
Z11D8T7, Астана қ., Қазақстан

Телефон: +7 (7172) 696550

Email: rcs-kz@un.org

 kazakhstan.un.org

 @uninkazakhstan

 @uninkazakhstan

 @uninkazakhstan

